«Қыз Жан»балалар бақшасы ЖШС

«Балдәурен» «Нұрбақ»

Ересек топ

# Тақырыптық жоспар

Педагог-Психолог:Қаныбекова Ақжар

2021-2022

Бекітемін:

«Қыз Жан»Балалар бақшасының меңгерушісі

_____________ Бижанова М.Ж

| | Тақырыбы | Өтілетін күні |
|---|---|---|
| 1 | Сезіімтал алақандар | 01.09.2021 |
| 2 | Күн көзінде қонакта | 09.09.2021 |
| 3 | Күз мезгілі | 15.09.2021 |
| 4 | Бауырсақ | 23.09.2021 |
| 5 | Әдептілік әлемі | 29.10.2021 |
| 6 | Күз | 07.10.2021 |
| 7 | Құстар | 13.10.2021 |
| 8 | Жағымды,жағымсыыз қасиеттер | 21.10.2021 |
| 9 | Құстардың бәрі ұша алама? | 27.11.2021 |
| 10 | Достық  пен жақсыыыылық | 04.11.2021 |
| 11 | Нан | 10.11.2021 |
| 12 | Дәрумендер мен дақылдар | 18.11.2021 |
| 13 | Құмырсқалар | 24.12.2021 |
| 14 | Мысық | 02.12.2021 |
| 15 | Құстар бойынша көркем суретпен әңгімелесу | 08.12.2021 |
| 16 | Қар | 22.12.2021 |
| 17 | Қыс | 30.01.2021 |
| 18 | Ақ аю | 05.01.2021 |
| 19 | Қыстап қалатын құстар | 13.01.2022 |
| 20 | Дала жануары | 19.02.2022 |
| 21 | Құстар | 27.02.2022 |
| 22 | Иіс сезу мүшесі мұрын | 02.02.2022 |
| 23 | Әдептілік | 10.02.2022 |
| 24 | Денсаулық | 16.03.2022 |
| 25 | Сана және боя | 24.03.2022 |
| 26 | Дәрумендер мен дақылдар | 02.03.2022 |
| 27 | Түлкі | 10.04.2022 |
| 28 | Жануарлар | 16.04.2022 |
| 29 | Құндыздар | 24.04.2022 |
| 30 | Көктем | 30.05.2022 |
| 31 | Бұлттар | 07.05.2022 |
| 28 | Жәндіктер | 13.04.2022 |
| 29 | Қоян | 21.04.2022 |
| 30 | Құмырсқалар | 27.04.2022 |
| 31 | Жағымды көңіл-күй | 05.05.2022 |
| 28 | Ұшатын көбелектер | 11.04.2022 |
| 29 | Көңілді шеңбер | 19.04.2022 |
| 30 | Көру мүшесі | 25.04.2022 |

«Қыз Жан» балалар бақшасы ЖШС

# «Балдәурен» «Нұрбақ»

# Ересек топ

# Күнтізбелік жоспар

Педагог-психолог:Қаныбекова.А

2021-2022ж

Бекітемін:

«Қыз Жан» балалар бақшасының меңгерушісі

__________М.Бижанова

«Қыз Жан» балалар бақшасы ЖШС-нің

Педагог-психологының 2021-2022 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспары

Қыркүйек айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Күз | Жұма | 03.09.2021 |
| 2 | Сезімтал алақандар | Жұма | 10.09.2021 |
| 3 | Алтын күз | Жұма | 17.09.2021 |
| 4 | Топтарға қатысу.Түстерді ажырату | Жұма | 24.09.2021 |

Қазан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Көңілді шеңбер | Жұма | 01.10.2021 |
| 2 | Түрлі-түсті қолшатыр | Жұма | 08.10.2021 |
| 3 | Қиял ой жүйрігі | Жұма | 15.10.2021 |
| 4 | Жаманнан жирен | Жұма | 22.10.2021 |
| 5 | Әдептілік әлемі | Жұма | 29.10.2021 |

Қараша айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ұшады,Ұшпайды | Жұма | 05.11.2021 |
| 2 | Алтын жұмыртқа | Жұма | 12.11.2021 |
| 3 | Біздің қанатты достарымыз | Жұма | 19.11.2021 |
| 4 | Суретті құрастыр | Жұма | 26.11.2021 |

Желтоқсан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Алма | Жұма | 03.12.2021 |
| 2 | Қар | Жұма | 10.12.2021 |
| 3 | Қыс | Жұма | 24.12.2021 |

Қаңтар айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Бақ-бақ гүлі | Жұма | 14.01.2022 |
| 2 | Көру,ойлау,айту | Жұма | 21.01.2022 |
| 3 | Біз әдепті баламыз | Жұма | 28.01.2022 |

Ақпан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Көңілді суреттер | Жұма | 04.02.2022 |
| 2 | Қимылды ойындар | Жұма | 11.02.2022 |
| 3 | Әр түсті дөңгелек | Жұма | 18.02.2022 |
| 4 | Түйе | Жұма | 25.02.2022 |

Наурыз айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ертегілер елінде | Жұма | 04.03.2022 |
| 2 | Жәндіктер | Жұма | 11.03.2022 |
| 3 | Көбелектер | Жұма | 18.03.2022 |
| 4 | Қиял ой жүйрігі | Жұма | 25.03.2022 |

Сәуір айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Түлкі | Жұма | 01.04.2022 |
| 2 | Санамақ | Жұма | 08.04.2022 |
| 3 | Бұлттар | Жұма | 15.04.2022 |
| 4 | Кірпі | Жұма | 22.04.2022 |
| 5 | Сана және боя | Жұма | 29.04.2022 |

Мамыр айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Жағымды жағымсыз эмоция | Жұма | 06.05.2022 |
| 2 | Қорқыныш,көңілсіздік | Жұма | 13.05.2022 |
| 3 | Жарысамыз,жаттығамыз | Жұма | 20.05.2022 |
| 4 | Көңілді шеңбер | Жұма | 27.05.2022 |

Айы:Қыркүйек

Күні:03.09.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Күз

Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту Сөйлемді толық анық айтуға өз ойын жеткізе білуге үйретті.

Тәрбиелік мәні:Табиғат пен құстарға қамқорлық жасау қоршаған ортаны ластамауға тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын.Бүгін<br>Ауа-райы қандай? | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия,біз де сізді<br>Көргенімізге<br>қуаныштымыз |
| | Шаттық шеңберіне тұрайық балалар! | Шататық шеңберіне<br>Тұрады. |
| | Бұлттар төніп,<br>Ызғар сеуіп.<br>Дымқыл тұман басады,<br>Өңі тайып. | Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Дала сұрғылт тартады. | |
| | -Балалар бұл қай кезде болады? | Күз мезгілінде. |
| | Ия дұрыс айтасыңдар.Күз мезгілінде.Балалар бір<br>Жылда неше мезгіл бар? | Төрт мезгіл бар. |
| | Ия дұрыс айтып отырсыңдар.<br>Көктем<br>Жаз<br>Қыс<br>Күз<br>Балалар күз жыл мезгілінің ең кереметі . | |
| | Күз мезгілінде неше ай бар Үш ай бар?Қыркүйек,<br>Қазан ,қараша, | Үш ай бар<br>Қыркүйек,қазан,қараша. |
| | Қыркүйек-күздің алғашқы айы.<br>Қыркүйекте жиын-терін аяқталады.Жұрт қыс қамын<br>Ойлайды.Күн салқындап.шық түсе бастайды.<br>Күзі-неліктен Алтын күз деп атаймыз?<br>Балалар ағаш жапырақтары сарғайып алтын түстес<br>Болғандықтан бұл мезгілді алтын күз дейміз.<br><br>Неліктен күзде құстар жылы жаққа ұшып кетеді<br>Қыркүйектен кейін қандай ай?Ия дұрыс айтып<br>Отырсыңдар.Қазан айы-алғашқы үсік жүретін суық<br>ай Бұлт қоюланып жаңбырлы болады.Су беті<br>Қабыршақтанады Күздің ақырғы айы-қараша<br>Қарашада-аспан түнеріп жаздай мал тұяғы таптаған<br>Өріс қарайып қалады.<br>Қараша аспан түнеріп,күн қысқарып шуақты күндер<br>Сиреді.<br>Сабағымыз аяқталды. | |
| | Сау болыңдар балалар | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Көңіл-күйді жеткізе білді.

Үйрену керек:Жыл мезгілдерін ажыратып айтып үйренді.

Жасауы керек:Көңіл күй бейнеленген суреттерді жапсырып шықты.

Әдіскер

Айы:Қыркүйек

Күні:10.09.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Сезімтал алақандар

Мақсаты:Балалардың құммен қалай жұмыс істеу дағдысын,ережелерін айтып түсіндіру.Құм терапиясы арқылы табиғи дүние өз алақандарымен сезіне,қорғай білу қасиеттерін,қол саусақ моторикаларын,танымдық даму деңгейлері дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімділікке,адамгершілікке,ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Балалар шеңберге тұрып,бір-<br>Бірімізге жылы лебізді айтайық.<br><br>Шаттақ шеңберіне тұрайық.<br>Достығымыз берік боп,<br>Бекітейік беріп қол.<br>Қуанышты шеңберге,<br>Қандай жақсы қол берген. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Біз бәріміз доспыз,тату тәтті<br>Отбасымыз,біз бір-бірімізді<br>Жақсы көреміз.<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар сендер құмды білесің-<br>дерма?<br>Құм өте ұсақ,майда болады.<br>Балалар құмды біз қайдан<br>Аламыз?<br><br>Балалар қолымызды құмға<br>салып корейікші,құм қандай<br>екен?<br><br>Балалар құмға түрлі суреттерді<br>Салуға болады.Құмды түрлі<br>Түстерге бояуға болады.Сендер<br>теледидардан көргенсіңдерма?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Ия,апай.<br><br>Құм ыстық екен.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ия,апай көргенбіз.<br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар құммен қалай ойнау керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Қыркүйек

Күні:17.09.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Алтын күз

Мақсаты:Күздің негізгі белгілерімен күзгі табиғатпен,күзгі еңбек түрімен таныстырып,алған білімдерін Тиянақтау Алтын күздің нерекшеліктері туралы әңгімелеу Әңгіме құрап айтуды дамыту.Балалардың Сөздік қорларын молайту.

Тәрбиелік мәні:Күз мезгілінің ерекшелігін танып білуге тәрбиелеу.Табиғатты аялап қорғауға және де Қоршаған ортаны ластамауға тәрбиелеу.Балаларды ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Біздің топта балалар,<br>Тату-тәтті ойнайды.<br>Дос көңілі әрқашан,<br>Тек жақсылықты ойлайды. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Шататық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ия дұрыс айтасыңдар күз мезгілі.<br>Ал күзде неше ай бар қазір қай ай?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар.Қыркүйек,қазан,қараша,<br>Айлары<br>Қазір қыркүйек айы.Күзде балалар табиғат қандай<br>болып өзгереді?Жапырақтар сарғайып жерге түсе<br>бастайды. Балалар кү мезгілін «Алтын күз» деп<br>айтатын себебі,айналаның бәрі сары түске<br>айналады.<br>Күз мезгілінде бида,тары,күріш,сұлы арпа<br>дақылдары піседі.Балалар сендерге күз мезгілі<br>ұнайды ма?<br>Күз-молшылықтың ,байлықтың, берекенің айы.<br><br>Балалар күзде ауа-райы суып, жаңбырлы болады.<br>Айналаға қарасаңыз,жапырақтар сарғайып,жерде<br>Қызыл-сары жапырақтар төгіліп жатыр.<br>Балалар жаңбыр жауады.<br>Жаңбыр жауғанда аналарымыз қолдарына не<br>Ұстайды?<br>Жарайсыңдар,балалар Аналарымыз қолдарына<br>қолшатырларын ұстайды, Қанша күн суық болса да,<br>Әр мезгілдің өзіндік бір жылылығы,кереметі болады<br>Егіншілер егіндерін жинап қамбаларына салады<br>Қыркүйек айынан кейін қазан айы келеді Қазан<br>Айында күн суытып ауа-райы жаңбырлы болады<br>Шық түсіп, қырау басып,арты қарға айналады.Қазан<br>Айынан кейін қараша карашада қар ерте түсіп<br>Адамдар үйлеріне от жағып жылы киімдерін киіп | Күз.<br><br>Үш ай бар апай<br>Қыркүйек,қазан,қараша<br><br>Жапырақтар сарғайып<br>Түрлі түске айналады.<br><br><br><br><br><br>Ия,апай ұнайды.<br><br><br><br>Күн суытады.<br>Ияа,пай жапырақтар<br>Сарғаяды. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қыстың қамымен жүреді<br><br><br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңдар балалар | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Күз мезгілінің байлығын жомарттығын білді.Алтын күздің ерекшеліктері туралы білді

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады . Әдіскер

Айы:Қыркүйек

Күні:24.09.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Топтарға қатысу Түстерді ажырату

Мақсаты:Балаларды түстермен таныстырып негізгі түсті топтастыруға үйрету

Тәрбиелік мәні:Балаларды ұқыптылыққа ептілікке және жылдамдыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз.<br>Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br><br>Балалар біз бүгін танысамыз яғни ақ,қызыл ,сары<br>Және көк түстермен танымасамыз.Бұл төтр түрлі<br>Түс күнделікті өмірде өте көп кездеседі.Бұл түстерді<br>Атап айыра білуіміз керек.Бұл түстер мысалыға<br>Қызыл көйлек көк алма ары жапырақ деген сияқты<br>Атаулар кездеседі Түрлі дидиқтикалық ойындар<br>Арқылы түстердің айырмашылығын ерекшелігін<br>Ажырата білуге үйрету.<br><br>1 Ойын. Қызыл сары көк ақ шарларды үрлеп таспаға<br>Байлау әртүрлі шарға өзіне түстес таспаны байлау<br>Керек .<br>-Қане балалар біз енді әр шарға өзіне түстес таспаны<br>байлауымыз керек<br><br>2 Ойын. Асық ойыны.<br><br>Балалар енді екінші ойынымыз міне боялған асықтар<br>Қызыл,жасыл.ақ ,ары Осы боялған асықтарды<br>Түсіне қарай ажырата білуіміз кере. Араластырылған<br>Асықтарды қорапшадан алып түс-түсіне қарай<br>Тізіп қоямыз .<br><br>Сегіту сәті<br><br>Орнымыздан тұрайық<br>Алақанды ұрайық<br>Бір отырып бір тұрып<br>Біз бір демалып алайық<br><br>Балалар бүгінгі сабақта төрт түсті ажыратуды<br>Үйрендік.Ойындар арқылы қай түс қай жерде<br>кедесетінің білдік Балалар бүгінгі танысқан төрт<br>түсті қайталайықшы.<br><br><br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңдар балалар | Сәлеметсізбе,апай!<br><br>Шататық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сау болыңыз,апай!<br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәтін жасайды<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қызыл,сары,ақ және көк<br><br><br><br><br>Сау болыңыз апай |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Түстерді ажыратуды білді

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады . Әдіскер

Айы:Қазан

Күні:01.10.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Көңілді шеңбер

Мақсаты:Баланың есте сақтау қабілетін дамыту .

Тәрбиелік мәні:Адамгершілікке тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай<br><br>Шаттық шеңберіне жиналайық<br>Жабырқауды білмейміз<br>Жалқаулықты сүймейміз<br>Біз талантты жас ұлан<br>Үлгі аламыз жақсыдан | Сәлеметсізбе,апай!<br>.<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды |
| | Мейірім шуағы ойыны | |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар қарандаршы Күн-ана Өзінің мейірім шуағын төгіпБіздің жан-дүниемізге жарық Сәулесін шашып тұрады Күн Сәулесі біздің бетімізге Саусақтарымызға алақанымызға Мейірім шуағын төкті Енді осы Жүрек жылуымызды бір-Бірімізге  сыйластық ЕНді Балалар Мейірім шуағы аттыОйын ойнап көрейік | Ойын жолдарын орындайды |
| | -Сен кімсің | Мен-Айзеремін<br>Мені анам-Ботам дейді |
| | Ойын осылай жалғасу арқылыШеңбер бойында күн БейнеленедіКөңілді шеңбер ойыны | |
| | -Балалар күн дегенде көзімізді Ашамыз түн дегенде жұмамыз Балаладың зейінін ойлау қабілетін дамыту Балалар бір-біріне мұқият қарайды Жүргізуші белгі бергенде Балалар көздерін жұмады Сол кезде жүргізуші Отырған балаларға түрлі заттарды қысытырып Қояды<br>Гүл орамал<br>-Балалар көздерін ашқанда не өзгерді—деп сұрақ Қояды Ең зейінді балаға жұлдызша беріледі | Балалар күн дегенде<br>Көздерін ашады түн дегенде жұмады |
| | -Балалар сендерге ойын ұнадыма | Ия ұнады |
| | Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар құммен қалай ойнау керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады. Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:08.10.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Түлі-түсті қолшатыр

Мақсаты:Балаларға түрлі-түсті ажырату арқылы қолщатыр суретін салу.Саусақ маторикасы әдісі

Арқылы балалардың сурет салу оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын дамыту

Балаларға қызыл жасыл

Тәрбиелік мәні:Балаларды тазалыққа,ұқыптылыққа,уақыт мезгілін айыра білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай<br><br>Шаттық шеңберін жасайық<br>Біз қандаймыз қандаймыз<br>Шұғылалы таңдаймыз<br>Күлімдеген күндейміз<br>Еш уайымды білмейміз<br>-Балалар енді бәріміз мына суретке қарайықшы<br>Бұл не<br><br><br>Балалар енді ойын ойнайық<br>Түстерді ажырата біл<br><br>Түстер қызыл жасыл сары көк Қара<br><br>Саусақсақ моторикасы әдісін қолданып түрлі-түсті<br>Қолшатырды бояңдар<br>-Балалар түстерді ажыратып түрлі-түсті<br>Қолшатырды саусақ моторикасы әдісі арқылы<br>Әдемілеп бояуға тырысты<br>Жарайсыздар балалар<br>САу болыңда балалар<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Сәлеметсізбе,апай!<br>.<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар құммен қалай ойнау керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Қазан

Күні:15.10.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Қиял ой жүйрігі

Мақсаты:Ертегілер арқылы тіл байлығын молайту

Тәрбиелік мәні:Балалардың тіл байлығын ойлау қабілетін есту зейінін қиялын сойлеу тілін дамыту.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай<br>Шаттық шеңбері<br>Балабақшам армысың<br>Сені жақсы көремін<br>Достарым менің бармысың<br>Құшақтасып алайын | Сәлеметсізбе,апай!<br>.<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | -Балалар бүгінгі күніміз сәтті өту үшін берілген<br>Карточкадағы суретке байланысты жылы<br>Лебіздеріңді білдіріңдерші<br><br>Күн-Әрқашан күн сөнбесін<br>Су-Суымыз тұнық болсын<br>Нан-нанымыз көп болсын<br><br>-Күн<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар құммен қалай ойнау керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:22.10.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Жаманнан жирен

Мақсаты:Балаларды адамгершілікке қарапайымдылыққа кішіпейілділікке әдептілікке жаман

Әдептерден аулақ болуға ойлау есте сақтау қабілеттерін және сөздік қорын молайту

Тәрбиелік мәні:Жаман әдеттерден аулақ болуға тазалыққа ұқыптылыққа тәрбиелеу Жақсы істер

Мен әрекеттер жасауға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме балалар!<br>Шаттық шеңберін жасайық.<br><br>Жақсылықтан үйреніп.<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Шаттық шеңберін жасайды.<br><br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар бір-біріне лебіз білдіру сәлемнен<br>Басталады.Сәлем-сөз анасы сөздің қасиеті.<br>Сондықтан оның мағынасына мән беру<br>Әдептіліктің .адамгершіліктің баспалдағы. Олай<br>Болса амандасудың қандай ережелерін<br>білесІңдер?<br>Ия балалар дұрыс айтасыңдар.<br><br>Таныс адам алыс жерден келсе.оған амандасу<br>Керек.Ол жақсы қасиеттің белгісіюЖақсы<br>қасиерттер<br>Деп-үлкенге ададмдардың жолын кеспеу ,өтірік<br>Айтпау, алдамау, ұрлық жасамаую<br><br>Балалар қозғалмалы ойын ойнайықюАвтобус<br>Аялдамағы келіп тоқтады. Ішіне әжей кірді.Сол<br>Кезде оған ешкім орын бермейді.<br>Балалар осы көрініс дұрыс па?,әлде бұрыс па?<br>Ия балалар дұрыс айтасыңдар.<br>Өзің үйрен өзіңнен.<br>Жамандық көрсең біреуден.<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>Жақсылық көрсең біреуден.<br>Мен қандаймын деп ойла.<br>Жақсылық көрсең біреуден,<br>Мен қандаймын деп ойла!<br>-Жарайсыңдар балалар!<br>-Балалар бір-бірімізге жылы лебіз білдіру сәлемнен<br>Басталады.Сәлем-сөз анасы сөздің қасиеті .<br>Сондықтан оның мағынасына мән беру<br>Әдептіліктің.адамгершіліктің баспалдағы<br>-Балалар.жаман әдептерден аулақ болайық.<br>«Жаманнан жирен,жақсыдан үйрен»<br>Бір-бірімізге жақсылық жасайық Сабағымызды | Таныс адам алыс жерден<br>Келсе амандасу керек.<br><br>Ия,апай ойнайық.<br><br>Бұрыс,апай.Үлкен кісілерге<br>Орын беруіміз керек.<br><br>Рахмет апай!<br><br>Жарайды апай! |

| | | |
|---|---|---|
| | Аяқтамас бұрын мен сендерге Абай атамыздың<br>Нақыл да,тәрбиелі өлеңін оқып берейін<br><br>Бес нәрседен қашық бол,<br>Бес нәрсеге асық бол.<br>Адам болам десеңіз,<br>Өсек өтірік мақтаншақ.<br>Еріншек бекер мал шашпақ,<br>Бес дұшпанын білсеңіз.<br>Талап еңбек терең ой,<br>Қанағат рақым ойлап қой.<br>-Балалар,сендер осы Абай аталарыңның өлеңін<br>Мәңгі естеріңде сақтаңдар.<br><br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Рахмет,апай!<br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Жаман әдептерден аулақ болуды білді.

Үйрену керек:Бір-біріне жылы лебіздерін айтып үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:29.10.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы: Әдептілік әлемі

Мақсаты:Балалардың әдептілік жайында түсініктерін кеңейту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды инабаттылыққа,адамгершілікке тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Ойнасын мнйлі ойнасын,<br>Ойынға ешбір тоймасын.<br>Алаңсыз болып ай-күнің,<br>Жақсылық бүгін тойлансын | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Әдептілік деген н<br>Балалар,әдептілік-адам бойындағы жақсы<br>Қасиет.Әрбір бала өзі жүрген ортада,<br>Әдепті болуы міндет.Үлкенді сыйлау,кішіні<br>Құрметтеу Көлік ішінде орын беру<br>әдептілікке жатады.<br>Қай уақытта әдепті болу керек?<br>Дұрыс айтасыңдар,үлкен кісілерге орын<br>Беру керек.<br><br>Үлкен адамдардың алдын кеспеу керек?<br>Үлкен кісілер сөйлегенде жарыса<br>сөйлемеу қажет.<br><br>Үлкендермен амандасу қажет.<br><br>Ұрлық жасамау,өтірік айтпау,біреудің<br>Затын Рұқсатсыз алмау бұлардың барлықтары д<br>Әдептілікке жатады.<br><br>-Автобуста қарт адамға орын беру қиын ба?<br>-Балалар,көз алдарыңа мынадай жағдаятты<br>Елестетіп көріңдерші:автобусқа қарт әже<br>Кірсе құрмет көрсетіп орын беру әдептілік<br>Белгісі<br>Ал,балалар сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңыздар! | Әдепті,ұқыпты,инабатты.<br><br>Үлкен кісілерге орын беру<br>Керек.<br><br>Жоқ.<br><br>Сау болыныз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар әдептілік жайлы білді

Үйрену керек:Үлкенге көмек беру керектігін үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қараша

Күні:05.11.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Ұшады ,ұшпайды

Мақсаты:Балаларға заттардың қасиеттеріне қарай талдауға олардың аттарын атай білуге үйрету

Табиғатта ненің ұшпайтыны туралы түсінлдіру арқылы зейіндері мен ойлау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімділікке,ұйымшылдылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.Табиғатқа

Деген сүйіспеншілігін арттыру.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Достарды біз қолдаймыз.<br>Қиын шақта қолдаймыз.<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнаймыз.<br>Балалар сендер құстарды білесіңдер ме?<br>Құстар ұшады ма? | Сәлеметсізбе,апай!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br><br>Бірге қайталайды.<br><br><br><br>Ия.апай.<br>Ия.апай Құстар ұшады. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Ал,балалар көбелек ұшады ма?<br>Көбелектің түсі қандай?<br>Балалар сендер таус деген құсты білесіңдер ме?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br><br>Таус құсы ұшады ма?<br>Дұрыс айтасыңдар!Ол құс ұшпайды.<br><br>Балалар сендермен қызықты ойын ойнайық .Мен<br>Сендерге аңдармен құстардың .Обалықтардың<br>Суретін тарқатып беремін.Сендер оларды екі<br>Қорапшаға саласыңдар.<br><br>Балалар арсытан ұшады ма?<br>Жарайсыңдар.балалар!Ол ұшпайды,себебі ол аң.<br>Балалар біз Не ұшпайды дидактикалық ойыны<br>Ойнап жатырмыз Кане барлығымыз ойнайық<br>Ойын қызықты ма<br><br>Сергіту сәті<br>Оң қолымда бес саусақ<br>Сол қолымда бес саусақ<br>Қосып едік екеуін,<br>Болып шықты он саусақ<br>Балалар,сабағымыз аяқталды Сау болыңыздар,<br>балалар | Ия апай Көбелек ұшады.<br>Қызыл,жасыл,сары.<br>Ия,апай білеміз.Ол қанатын<br>Жайып тұратын әдемі құс.<br><br>Жоқ,апай.Ол құс ұшпайды.<br><br><br>Ия,апай ойнайық.<br><br><br><br><br>Жоқ,апай.Ол ұшпайды Ол<br>аң ғой.<br><br><br>Ия,апай Ойын қызық екен.<br>Балалар сергіту сәтін<br>Жасайды.Бірге айтады қайта<br><br><br><br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Түстерді ажырата білді.

Үйрену керек:Ұшатын,ұшпайтынын ажыратып,қорапшаларға салып үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады. Әдіскер: [signature]

Айы:Қараша

Күні:12.11.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы: Алтын жұмыртқа

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін дамыту,сөйлуін,сұрақтарға дұрыс жауап беруіне ықпал ету.

Ертедегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне назар аудара отырып,балаларды ертегіні түсінуге,қабылдауға,сезінуге жетелеу.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке,мейірімділікке тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қалай?Бүгін ауа-райы қандай? | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Күн суытып,жаңбырлы болып тұр! |
| | Шаттық шеңберіне тұрайық. | Шаттық шеңберіне тұрады. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Достар біз қолдаймыз,<br>Қиын шақта қорғаймыз<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнайық! | Бірге айтады қайталап. |
| | Бүгінгі тақырыппен таныстырайын балалар!<br>Сендер қандай үй құстарын білесіңдер! | Тауық,үйрек,қаз. |
| | Тауық үй құсына жатады.<br>Тауық бізге жұмыртқа береді,жұмыртқа<br>Денсаулыққа пайдалы.Ендеше,мен сендерге<br>«Алтын жұмыртқа» ертегісін айтып берейін.<br>Ертеде ата мен әжей болыпты.Олардың бір тауығы<br>Бар екен.Ол күнде жұмыртқа басып шығады екен<br>Күндердің күнінде тауық алтын жұмыртқа басып<br>шығады.Ата мен әжей алтын жұмыртқаны көріп<br>қуанып қалады.Алтын жұмыртқаны сатып көп ақша<br>алады.Ақшаға көптеген заттар алады. | |
| | Балалар ертегі кейіпкерлері кімдер екен?<br>Балалар жұмыртқаның пішіні қандай болады?<br>Балалар жұмыртқаны қандай тамақтарға қосамыз?<br>Ия,балалар аналарамыз бізге көптеген тәттілер<br>пісіреді. | Ата мен әже.<br>Сопақша болады.<br>Бәлішке,сосын аналарымыз тәттілер пісіріп береді. |
| | Жарайсыңдар менің кішкентай балапандарым!<br>Сау болыңдар,балалар! | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Ертегіні түсініп,тыңдай білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қараша

Күні:19.11.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы:Біздің қанатты достарымыз

Мақсаты:Балалардың табиғатты сүюге баулу құстар туралы түсініктерін кеңейту құстардың пайдасына

Тоқталу Балалардың сөздік қорын кеңейту Табиғатқа деген мейірімін ояту адамгершілікке баулу.

Тәрбиелік мәні:Балаларды құстарды қоректендіріп тұруға үйрету Балаларды табиғатты аялауға,қоршаған ортаны қорғауға,тазалыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br>Бүгін ауа-райы қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам.<br>Жамандықтан жиреніп,<br>Үлгі аламыз жақсыдан. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Суық<br><br><br><br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br><br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар мен сендерге құстар жайлы 1-шумақ<br>Өлең оқып берейін.<br><br>Құстар құстар келеді,<br>Даланы жырға бөледі,<br>Көктем келді деп бізге,<br>Жылы хабар әкелді.<br><br>Балалар біздің өтетін тақырыбымыз «Құстар біздің Досымыз» деп аталады.<br>Құстардың келуінен біз көктем келгенін білеміз.<br><br>Балалар,сендер құстарды білесіңдер ме Қарға,<br>Қарлығаштың түстері қандай?<br>Тоқылдақ сауысқанның түстері қандай?<br>Жарайсыңдар.балалар!<br>Сендер дұрыс айтып отырсыңдар.<br>-Балалар,от жағуға,құстың ұясын бұзуға бола ма?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>От жағуға,құстың ұясын бұзуға болмайды.<br>Өрт болған жағдайда құстардың ұясына зиян . келеді<br>Қарға,қарлығаштың түстері қандай?<br>Тоқылдақ,сауысқан,қаз-үйректің түсі қандай Болады?<br>Ия,дұрыс айтып отырсыңдар.<br>Аққудың түсі қандай болады?<br>Ал,балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Ағаштарды тазалайды,тыным таппай мазалайды<br>Бұл не?тоқылдақ<br><br>Қонып алып талға,қарқылдайды Бұл не?Қарға<br>Шарлап келіп,даланы,<br>Үйіме ұя салады?Бұл не Қарлығаш | Ия апай тыңдайық<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ия,апай.<br>Қараша<br>Тоқылдақтың түсі қоңыр,ал<br>Қарғаның түсі Қараша<br><br>Жоқ,апай болмайды.<br><br><br><br><br>Қара,қара ала<br>Қоңыр,қоңыр ала<br><br><br>Ақ болады<br><br>Тоқылдақ<br><br><br>Қарға<br><br>Қарлығаш |

| | | |
|---|---|---|
| | Балалар,сабағымыз аяқталды Сау болыңыздар, балалар | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керекҚұстар жайлы білді.

Үйрену керек:Құстардың түрлері мен түстерін ажыратып үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

АйьсҚараша
Күні:26.11.2021
Апта:Жұма
Тақырыбы:Суретті құрастыр
Мақсаты:Балаларды түрлі-түсті ажыратуын,әртүрлі пішіндерді құрастыруын дамыту.Ойлау қабілетін дамыту арқылы пішіндерді құрастыруға үйрету.
Тәрбиелік мәні:Балаларды ұйымшылдыққа,адамгершілікке,бірлесіп еңбек етуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Жарқын болсын өміріміз, Жаздың әсем таңындай. Таза болсын көңіліміз, Таудың аппақ қарындай. | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар, біз бүгін әртурлі пішіндерді пайдаланып сурет құрастырамыз.<br>Сендер қандай пішіндерді біліесіңдер?<br>Ия,дұрыс айтасыңдар.<br><br>Ал мына пішіндерден құрастырайық.<br>Үшбұрышпен төртбұрышты қосып едік,үйдің суреті шыға келді.<br>Ал,енді екі үшбұрышты қосқанда шаршы шықты.<br>Үшбұрыштарды жалғастырып қойсақ,біз шыршаның суретін көріп тұрмыз.<br><br>Балалар,сендер өте ақылды екенсіңдер.<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Балалар,мына әр түрлі пішіндерді пайдаланып құрастырсақдүрлі сурет шығады екен.<br>Мына жерде суреттер тұр ,соларды да құрастырайық .Балалар,суреттерді құрастырды.Суретер өте әдемі болып шықты.<br>Жарайсыңдар,балалар! | Үшбұрыш,төртбұрыш,дөңгелек шаршы,<br><br>Ия,апай.Үйдің суреті шықты.<br><br>Ия,апай.Шыршаның суреті шықты.<br><br>Рахмет,апай!<br><br>Жарайды.<br>Балалар суреттерді құрастырды. |

Күтілетін нәтиже:
Білу керек:Суреттер мен пішіндерді құрастыруды білу керек.
Үйрену керек:Пішіндерді құрастырып үйренді.
Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.**Әдіскер:**

Айы:Желтоқсан

Күні:03.12.2021

Апта:Жұма

Тақырыбы: Алма ағашы

Мақсаты:Балаларға қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру,табиғатқа деген қамқорлықпен

Сүйіспеншіліктерін арттыру.

Тәрбиелік мәні:Балаларды бір-бірімен қарым-қатынас барысында ізгілікке,сыпайылыққа,жағымды

Мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Ал,балалар күлейік,<br>Күлкіменен жүрейік.<br>Қабақ шытқан не керек,<br>Көңілді боп жүрейік. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br><br>Шаттық шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Жарайсыңдар,балалар!Бүгін сендер өте мейірімді ,жүздеріңнен күннің нұры төгіліп тұрғандай.<br>Ал,балалар мен сендерге ертегі айтып берейін.<br>Бір күні гүлдеп тұрған бау-бақшаның қасынан<br>Ұшып бара жатқан жел бір жағымды жұпар иісті сезеді.<br>Бақшадан аңқып тұрған бұл қандай жұпар иіс?-<br>Деген оймен гүлдеп тұрған ағаштың біріне жақындайды.<br>Ағаштың бұтақтарында жайқалып тұрған нәзік<br>Гүлдерге таңырқай қарайды.<br>«Неткен ғажап,әдемі еді !»-деп таңданады.<br>Біраз уақыт өткен соң ол тағы сол бақтың қасынан ұшып бара жатып,гүлдерді тамашаламақ болып тоқтайты.Бірақ жұпар иісті нәзік гүлдердің орнына хош иісті алмалардың қсіп тұрғанын көреді.<br>«Айнала қалай өзгерген,мынау бір ғажап екен!»<br>Дейді де әрмен қарай ұша береді.<br>Балалар сендер қандай жеміс ағаштарын білесіңдер?<br>Қане айтайықшы?<br>Алма ағашы,өрік ағашы,шабдалы,шие,алмұрт.<br>Ия,балалар жеміс ағаштарының көптеген түрлері Бар.<br><br>Ал,балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>1.Көктемде ақ гүл оранады,<br>Күзде қолға доп оралады.<br>Бұл не балалар?<br>Ия,балалар дұрыс айтасыңдар.<br>Бұл алма.<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Ал,апай айтыңызшы<br>Тыңдайық.<br><br>Алма ағашы,өрік ағашы,<br>Шие,алмұрт.<br><br>Ия,апай тыңдап жауабын<br>Табайық.<br>Апай бұл алма.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Алма ағашы туралы білімдерін жетілдіру.Табиғатқа қамқор болу керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады. Әдіскер:

Күні:10.12.2021

Апта: Жұма

Тақырыбы:Қар

Мақсаты: Балалардың алғашқы табиғи құбылыстарға қуана білуіне ықпал ету,қоршаған ортаға-

Үйлерге,заттарға,ағаштарға,жерге қарай қардың қалай әдемі болып жауатынтығын бақылату

Тәрбиелік мәні:Таяқшыларды пайдаланып тіс пастасымен қар салу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Балалар,көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Балаларды терезенің алдына шақырып, даладағы жауып тұрған қарды бақылауды ұсынады.Содан соң орындарына отырып, суреттерге көңіл бөлуді сұрайды.Суретте не көргендерін,айнала қоршаған ортада жыл мезгіліне байланысты болып жатқан өзгерістер жайында әңгімілеседі.Қар қандай болады | Сәлеметсізбе,апай!<br>Суық,жаңбырлы<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Қай мезгілде жауады?<br>Қысқы орман көріністерін көрсетеді.Сөздік Жұмыс жүргізеді.<br>Балаларға үлгі сурет салынған дәптерлер Таратады.Сол дәптерлеріне алғашқы жауып Тұрған қарды сүйкеп жағу тәсілімен малғызады.<br>Бұлттардан жапалақтап жауып келе жатқан Қарды Сүйкеп жағу тәсілімен салғызады.<br>Бұлттардан жапалақтап жауып келе жатқан қарды тіс пастасымен<br>Салу жолдарын түсіндіреді.<br><br>Сергіту сәті<br>Қар жауыпты далаға,<br>Қар жауыпты қалаға .<br>Сырғанаймыз енді біз,<br>Отырып ап шанаға.<br><br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңдар,балалар! | Қыс мезгілінде<br><br>Сергіту сәтін жасайды<br><br>Сау болыңыз.апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын.

Үйрену керек:Қар аспаннан жерге қоеақтап,жер бетін басып қалатындығын

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Күні:24.12.2021

Апта: Жұма

Тақырыбы:Қыс

Мақсаты: Балалар қыс мезгілінде табиғат өзгерістерін,ормандағы аңдарды көрсету арқылы

Олардың ой-қиялдарын дамыту

Тәрбиелік мәні:Қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар! | Сәлеметсізбе,апай! |
| Қозғаушы | Көңіл-күйлерің қандай | Тамаша |
| | Қазір қандай мезгіл | Қыс мезгілі |
| | -Қыс айларын атайық | Желтоқсан,қаңтар,ақпан. |
| | | -Қыста күн суық болады . |
| | -Қыстың белгілерін кім айтады? | Қар жауады,боран соғады. |
| | | Адамдар жылы киінеді. |
| | Дұрыс айтасыңдар | |
| Ұйымдастырушы | Ал,қыста қандайф ойындар ойнаймыз? | Аққала соғу,биіктен сырғанау |
| ізденуші | | Шаңғы тебу |
| | | Бірге айтады қайталап . |
| | -Балалар,мен сендерге қоян жайлы тақпақ | |
| | Айтып берейін. | |
| | Ақ қоян ау ақ қоян, | |
| | Үркек қоян,сақ қоян. | |
| | Қаша берсең қалыңға, | |
| | Қорқағым деп ат қоям. | |
| | | Иә. |
| | Балалар,сендер қоянды көргенсіңдерме? | Сұр,ақ болады. |
| | Оның түсі қандай болады? | Қасқыыр,түлкі,аю,қоян |
| | Қыста тағы қандай болады? | болады. |
| | Жарайсыңдар,балалар! | |
| | -Балалар,аю қысымен апанында ұйықтайды | |
| | Аюдың екі түрі бар. | |
| | Ақ аю,қо,қоңыр аю. | |
| | Ақ аю солтүстік мұзды мұқитында өмір сүріп | |
| | Жүреді . | Жаңа жыл. |
| | -Балалар,қыста қандай мерекелер бар | Иә. |
| | Шыршаға кімдер келеді | Аяз Ата,Ақшақар болады. |
| | Иә,дұрыс айтасыңдар. | Рахмет,апай |
| | Балалар,жарайсыңдар | Жарайды |
| | Мына жерде үш түрлі қиылған домалақ қағаздан,маға | |
| | Маған аққала жасап беріңдер | |
| | | Сергіту сәтін жасады |
| | Сергіту сәтін жасайды | Бірге айтады қайталап |
| | Оң қолымды бес саусақ | |
| | Сол қолымда бес саусақ | |
| | Бәрін қоссақ он саусақ | |
| | | Сау болыңыз.апай! |
| | Сабағымыз аяқталды. | |
| | Сау болыңдар,балалар! | |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар қыс туралы білді.

Үйрену керек:Аңдар туралы тақпақ айтып үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қаңтар.

Күні:14.01.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы: «Бақ-бақ гүлі».

Мақсаты:Балалардың сөздік қорын ,ой-өрісін,тілін,қиялын дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке,тәртіпті,досқа қиянат жасамауға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Саламатсыңдар ма,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай? | Саламатсыз ба,апай!<br>Жақсы. |
| | Шатық шеңберіне тұрайық.<br>Жабырқауды білмейміз,<br>Жалқаулықты сүймейміз. Біз талантты жас ұлан,<br>Үлгі аламыз жақсыдан. | Шаттық шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы<br>Ізденуші | -Балалар ,қазір мен сендерге жұмбақ жасырамын,сол жұмбақтыңшешуін табыңдар. Өзіне шап-шақ,<br>Киген киімі аппақ.<br>Балалар тұр қаптап, | Жарайды. |
| | Дұрыс айтасыңдар. Бұл бақбақ гүлі. | Бақбақ гүлі. |
| | Бір жылда неше мезгіл бар? | Төрт мезгіл бар. |
| | -Балалар,бірге айтайықшы. | Жарайды,апай.<br>Көктем,жаз,күз,қыс. |
| | Көктем,жаз,күз,қыс.<br>Көктем мезгілінде бірінші болып ,бақбақ гүлі.<br>Бақбақ гүлі ерте көктемде өсетін шөптектес өсімдік. | |
| | Қазір қай мезгіл? | Қыс мезгілі. |
| | Қыс мезгілінде бақбақ гүлі өсе ме? | Жоқ |
| | Оның жапырақтары түп жағында топтасып орналасады.Шоқбас,сары түсті,гүлі жалғыздан сабақұшында өседі.<br><br>Ойын:Әдем сөздер.<br>Бақбақ гүліне анықтамалық сөздер ойлап табу. | |
| | -Бақбақ гүлі неге ұқсайды? | Ол кішкентай күнге ұқсайды. |
| г | Дұрыс айтасыңдар,балалар.<br>Бақбақ гүлі күнге ұқсайды.Бұлтты күн,жер бетінде күн сияқты жарқырайды.<br>-Балалар,бақбақ гүлінің тамыры жуан,шөпке ұқсас өсімдік.<br>Жапырағы сопақшадапталып өседі.Оның гүлдері сап-сары ,кейін одан ақ үлпек шыққанда алқаптың бәрі аппақ болады. Кейде бақбақ гүлін «үлпілдек «деп жағалауында ,орманды жерлерде, тұрған үй ауласында өседі. Сондықтан<br>олдала гүліне жатпайды. | |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Ізденуші | Бақбақ гүлінң жапырағы мен тамырын дәрі-дәрмек жасауға пайдаланады.Шырыны мен гүлінен қайнатылған шай дәруменге және минералды заттарға бай.Оның адам денсаулығына пайдасы мол.<br><br>Сергіту сәтін жасайық.<br>Өсемін былай мен деген,<br>Қауызым бүйтіп ашылар. Кездерде самал тербеген,<br>Хош иісім маңға шашаылар.<br><br>Балалар,сабағымыз аяқталды. Сау болыңдар,балалар! | <br><br><br>Балалар,сергіту сәтін жасайды.<br>Бірге айтады қайталап.<br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Бақбақ гүлін және қасиеттерін білді.

Үйренуі керек:Жұмбақтың жауабын тауып

үйренді. Жасауы керек:Сергіту сәтін

Айы:Қаңтар

Күні:21.01.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Көру,ойлау,айту.

МақсатькБалалардың көру,ойлау,айту,есту сезімдерін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды тазалыққа ,ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай? | Саламатсыз ба,апай!<br>Тамаша! |
| | Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Біз қандаймыз,қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз. Күлімдеген күндейміз,<br>Еш уайымды білмейміз. | Балалар шаттық шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар,қарандаршы,менің қолымда неше күннің суреті бар? | Төртеу. |
| | Қазір,біз күндерге тақпақ айтып береміз,және олармен сәлемдесеміз. | Жарайды. |
| | Арайлаптаңатты, Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз, Жарқырайды нұрымыз. Қайырлы таң күніміз! | Балалар,бірге айтады қайталап. |
| | Балалар,күн қандай геометриялық пішінге ұқсайды? | Дөңгелекке |
| | Күнніңтағы нелері бар?<br>Күннің нұрлары қандай?<br>Дұрыс айтасыңдар. | Нұрлары бар<br>Ұзын,қысқа<br>Рахмет |
| | Балалар,естідіңдер ме,біреу жылап жатыр.Бұл жылаған -Күн. | Естідік<br>Бұл-күн. |
| | Ол күннің нұры жоқ екен.<br>Біз, мына суретке күннің нұрын салайық.<br>Балалар,қазір қандай мезгіл?<br>Қыста ауа-райы қандай болады?<br>Қыста ағаштарда жапырақ бола ма?<br>Қазір,біз жапырақтардың суреттерін бояп шығайық.<br>Ал,енді мына жерде қандай геометриялық пішіндерді көріп тұрмыз? | Жарайды.<br>Қыс мезгілі.<br>Сұық болады.<br><br><br><br>Әртүрлі пішіндер.<br>Дөңгелек,үшбұрыш,төтрбұрыш |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар,сергіту сәтін жасайық.<br>Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Бәрін қоссақон саусақ, Оң аяқпен секіремін.<br>Сол саяқпен секіремін, Екі аяқпен жүгіремін.<br>Жарайсыңдар,балалар!<br><br>Сабағымыз аяқталды ,сау болыңдар! | Балалар,сергіту сәтін жасады.<br>Бірге айтады қайталап. |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Балалар,көру,есту сезімдерін,ойлау,айту қабілеттерін дамыта білді.

Үйренуі керек:Геометриялық пішіндерді атап үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қаңтар.
Күні: 28.01.2022ж.
Апта:Жұма
Тақырыбы:Біз әдепті баламыз.
Мақсаты:Балаларды әдепті болуға үйрету.ойлау қабілетін дамыту.әдептілік ұғымының мағынасын ашу.
Тәрбиелік мәні:Балаларды әдептілікке.адалдыққа үйрету.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме.балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын! | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Біз де сізді көргенімізге қуаныштымыз. |
| * | Шаттық шеңберіне тұрайық. | Балалар.шаттық шеңберіне тұрады. |
| | Біз әдепті баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Үлкендерге жол беріп,<br>Біз әдепті боламыз. | Бірге айтады қайталап. |
| | «Әдепті бала-арлы бала.әдепсіз бала сорлы бала» | |
| Үйымдастырушы<br>Ізденуші | Балалар.әдепті бала қандай болады? ? | Әдепті.ақылды болады. |
| | Иә.дұрыс айтасыңдар! Әдепті бала әдепті.ақылды,<br>үлкенге жол беріп.кішіпейіл болады.Сондықтан күнделікті өмірде әдептілік белгілерін дұрыс пайдалана білу керек. Балалар.мына суретке қарандаршы? | Балалар суретке қарайды. |
| | Бұл суретте біз нені көріп тұрмыз? | Әжей мен бала. |
| | Иә.дұрыс айтасыңдар.<br>Әжей мен бала.<br>Қоғамдық көлікте.бала әжеге орын беріп тұр.<br>Үлкен қалаларға барғанда, немесе күнделікті өмірде біз көлікке мінгенде көреміз . Үлкендерге орын беріп.үлкендердің жолын кеспей .үлкенге жол бергенді. | |
| | Мұндай балаларды біз қандай бала дейміз? | Әдепті бала дейміз. |
| | Иә.дұрыс айтасыңдар.балалар! Жарайсыңдар! | |
| | -Ал.енді мына суретке қарайықшы.Суретте бала не істеп жатыр? | Құстың ұясын бұзып жатыр. |
| | -Ол әдепті бала ма.әдепсіз бала ма? | Әдепсіз бала. |
| | Иә.балалар дұрыс айтасыңдар.Әдепсіз бала. | |
| | Құстың ұясын бұзамыз ба? | Жоқ.бұзбаймыз. |
| | Жарайсыңдар.балалар! | |
| | Сергіту сәтін жасайық. | |

| | | |
|---|---|---|
| Үйымдастырушы ізденуші | Бас бармағым.ата үйдің данасы. Балалы үйрек,әке үйдің панасы. Ортан терек.әже үйдің анасы. Шылдыр шүмек.шеше шаңырақтың ажары.<br>Кішкентай саусақ,бала титтей барлығының баласы.<br><br>Сабағымыз аяқталды.сау болыңдар! | Балалар.сергіту сәтін жасайды.Бірге айтады қайталап.<br><br>Сау болыңыз.апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Әдепті мен әдепсізді ажырата білді.

Үйренуі керек:Шаттық шеңберін жасап үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

Әдіскер:

Айы:Ақпан

Күні:04.02.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Көңілді суреттер.

Мақсаты:Балаларды қарындаш,қылқалам,қағаздың маңызымен таныстыру.

Сурет салуға ынта-ықыласын,қызығушылығын тудыру.

Тәрбиелік мәні:Балаларды сурет салуға,көңілді суреттерді ұқыпты салуға,қарындашпен қылқаламды

ұқыпты пайдалануға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Үйымдастырушы-қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме.балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай? | Сәлеметсіз бе.апай!<br>Жақсы. |
| Үйымдастырушы ізденуші | Балалар.ерте кездегі адаңцар сурет салуды бастағанда.олардың қолында ештеңесі жоқ болған.Өздері икемсіз болған.Олар суреттерді саз балшықган немесе тастан қашап жасайтын болған.<br>Алғашқыда олардың құралдары саусақ болса.одан кейін таяқшаны.шөптерді пайдаланған.Адамдарға қылқаламды жасауға ой туғызған құстың қауырсыны болған.Қазір де кейбір халық шеберлері өрнек салуға қаздың қауырсынын пайдаланады.<br>Балалар.біз құстың қауырсынын білеміз бе?<br>Ертеде таяқшаға жылқының қылын байлап алып.сурет салған екен.<br>Біз жылқының қылын немесе жалын көргенбіз бе?<br>Жылқының түсі қандай болады?<br>Ал.жалы ше?<br>Сендер жылқыны көргенсіңдер ме?<br>Балалар.біз жылқыны мінеміз.етін жейміз, қымызын ішеміз.саумалын емге пайдаланамыз.<br>Сендер қымыз,қымыран,қазы-қартаны білесіңдер ме?<br>Балалар.мен сендерге «Қарындаішөлеңін оқып берейін.<br>Қызыл-жасыл,қарасын,<br>г | Ф<br>Иә.апай!<br>Иә.апай көргенбіз.<br>Қара,қоңыр,сұр болады. Жалы қара ,қоңыр болады. Иә.апай көргенбіз.<br>Иә.апай .Біз қымыз.қымыран, қазы-қартаны білеміз.<br>Балалар.өлеңді тыңдайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Үйымдастырушы ізденуші | Қолға кезек аласың. | |
| | Қарындашпен әртүрлі, Алуан сурет саласың.<br>Қарындаштың көмегі, Міне.қандай көп еді.<br>Ұштай біл де.ұстай біл, Түрлі өнер төгеді. | |
| | Біз қарындашты көргенбіз бе? | Иә.көргенбіз. |
| * | Қарындаш қандай болады? | Түрлі-түсті.<br>Көңілді суреттер саламыз. |
| | Қарындашпен нені саламыз?<br>Иә.дүрыс айтасыңдар.<br>Балалар.біз түрлі-түсті қарындаштармен көңілді суреттер сапамыз. | |
| | Балалар.мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Бір нәрсе ала шұбар.қара тұмсық,<br>Қарсақ басқан ізі қисық-қисық.<br>Өзі жансыз.жандының күшіменен, Борайды ат үстінде желдей өсіп. | * |
| | Балалар.бұл не ? Жарайсыңдар.балалар! | Қарындаш. |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Қылқам жайлы білді.

Үйренуі керек:Сұрақтарға дұрыс жауап беріп үйренді. Жасауы керек:Шаттық шеңберін

Әдіскер:

Айы:Ақпан.

Күні:11.02.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Қимылды ойындар.

Мақсаты:Балаларды шапшаңдықңа үйретудоптағы балалардың қарым-қатынасын нығайту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адалдыққадазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы [4] | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Балалар,шаттық шеңберіне турайық.<br><br>Ойнасын, мейлі ойнасын,<br>Ойынға ешбір тоймасын. Алаңсыз болып ай-күнің,<br>Жақсылық бүгін тойланс^ін. | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Тамаша!<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар, біз сендермен ойын ойнайық.<br>Ойын шарты:Бұл ойынға топ балалары бәрі тегіс қатысады.Балаларды (қақпа қалың)дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен тышқанмен мысық сайланады.Мысықтышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгеленетұрған балалартышқанды шығарып жіберіп,мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып жіберіп,мысықты шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек.<br>Мысықтышқанды ұстап алса,ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.<br>Балалар,сабағымыз аяқталды. Сау болыңдар,балалар! | Ия,апай ойнайық.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнады.<br><br>Сау болыңыз ,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Қимылды ойынды білді. Үйренуі керек:Ойнап үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Ақпан.

Күні:18.02.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Әр түсті дөңгелек.

Мақсаты: Балаларды шарлардың түстерімен, пішіндерімен таныстыру.Сурет салу тәсілдерін үйрету. Берілген бейненің ішін бояуға үйрету. Балалардың танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту.
Тәрбиелік мәні: Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Үйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме.балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br><br>Шаттықіленңберіне тұрайық. Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шуғылалы таңдаймыз!<br>Күлімдеген күндейміз!<br><br>Еш уайымды білмейміз. Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. \|<br>Үшамын тауда қалықтап, | Сәлеметсіз бе.апай!<br>Бізде қуаныштымыз.<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап.<br><br>Балалар жұмбақты шешеді. |
| Үйымдастырушы ізденуші | Қолың жетсе алып бақ Қызыл - жасыл түсім бар<br>Соңымнан кәне, ұшыңдар.<br>(шар).<br>Балалар.бұл шарлар қандай ?<br>Дөңгелек шарлардың түсі қандай? Шарлар резеңкеден жасалады.Шарларды түрлі-түсті бояулармен бояиды.Шарлар үріледі,созылады,жыртылады.<br>Шардың іші толған ауа.суға салсаң батпайды.себебі шар жеңіл болады.шарды қыссаң қысыммен жыртылады.<br><br>Балалар.орнымызға жайғасайық.Сурет салмас бұрын біз өзімізге ұнайтын түсті таңдап аламыз.<br>Қандай түсті таңдайсыңдар?<br>Суреттегі дөңгелекті әдемелеп бояймыз.<br><br>Жарайсыңдар.балалар!<br>Қандай әдемі.суретші екенсіңдер. | Дөңгелек.<br>Қызыл,жасыл,сары,көк.<br><br>Қызыл,жасыл,сары.<br>Балалар.дөңгелектерді бояп шықгы. |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Балалар дөңгелектің түрлі-түсті болатынын білді. Үйренуі

керек:Дөңгелектерді бояп шықгы.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Ақпан.

Күні:25.02.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Түйе.

Мақсаты:Балалардың үй жануарлары және олардың адамға пайдасы туралы түсініктерін кеңейту. Үй жануары түйе туралы мағлұмат беру.Балаларды еркін әңгімелеуге үйрету.

Тәрбиелік мәні:Балаларды ұқыптылыққа,жан-жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br>Ауа-райы қандай? | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Тамаша!<br>Суық. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар,мен сендерге жұмбақжасырайын.<br>Екі айнасы бар,<br>Екі найзасы бар. "<br>Төрт сылдырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар.<br>Бұл не? | Ия,апай.<br><br><br><br><br>Сиыр. * |
| | Аласа ғана бойы бар, Айналдырып кигентоны бар. Бұл не? | Қой |
| | Басында екі таяғы бар, Төрт аяғы бар.<br>Адам деуге болмйды, Сақалы тағы бар.<br>Бұл не? | Ешкі. |
| | Иір-иір денесі,<br>Сахараның денесі.<br>Ащы шөптер тамағы,<br>Шөлге шылап бағады.<br>Бұл не ?<br>Жарайсыңдар,балалар.<br>-Балалар,аталған жануарларды бір сөзбен қалай атауға болады?<br>Ия,балалар!<br>Дұрыс айтасыңдар.Бұлар үй жануарларына жатады.<br>-Балалар,сендер түйені көргенсіңдер ме?<br>-Түйе немен қоректенеді? -Түйенің аяқтары ұзын,әрі мықты.<br>-Түйенің қандай пайдасы бар?<br>Ия,дұрыс айтасыңдар.<br>Түйенің жүнінен көрпе тігеміз,ал сүтін,етін жейміз. | Түйе.<br>Үй жануарлары.<br><br><br><br>Ия.<br>Жантақпен.<br><br>Ауыр жүктерді тасиды,шұбаты мен жүні пайдалы. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы ізденуші | -Түйенің басқа жануарлардан ерекшелгі неде? Ол өркешіне не жинайды? Оныңтамағы мен суының қоры өркешіне жиналады.Бұл қортүйенің бірнеше күн жем жемей,су ішпесе де,өзін жақсы сезінуіне көмек береді екен.<br>-Балалар,түйенің өркеші қанша үлкен болса,соншалықты шөлге шыдамды болады екен.<br><br>Сергіту сәтін жасайық. Қорғап қалған бидайды,<br>Қырманға -әкеп жинайды. Астық орған байлығы<br>, Қамбаға дән сыймайды.<br><br>Біз гүлдерше өсеміз , г Жапырағы жайқалған.<br>Сабақтары салалы,<br><br>Желмен бірге жайқалған Балалар,сабағымыз аяқталды. Сау болыңдар! | Балалар,сергіту сәтін жасады. Бірге айтады қайталап.<br><br>9<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Түйе жайлы білді.

Үйренуі керек:Жұмбақтың жауабын тауып үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасайды.

Әдіскер:

Айы:Наурыз.

Күні:04.03.2022ж

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Ертегілер елінде.

Мақсаты:Балалардың ертегі әлеміне қызығушылығын қалыптастыру.Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін,қимыл-қозғалысын келтіріп ойнауға үйрету.Сөздерді анық айтуға,есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адалдыққа,достарға адал болуға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психолгтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br><br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Балалар,шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Біз қандаймыз,қандаймыз, Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Еш уайымды білмеЙміз. Балалар,кәне есімізге түсіріп көрейікші,ертегілердің басы қалай<br>басталады?<br>Ия,балалар дұрыс айтасыңдар! Ерте,ерте ертеде,ешкі жүні бөртедедеп айтамыз.<br>Ал,енді ертегі әлеміне саяхат жасайық. | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Бізде қуаныштымыз.<br><br>Балалар,шаттық шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап.<br><br>Ерте,ерте,ертеде,еііТкі жүні бөрте де. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Бүгін қандай ертегіні тыңдайтындарыңды білу үшін,сендерге жұмбақ жасырайын. Өзі қу,<br>Жүрген жері айқай шу.<br><br>Бұл не?<br>Далада жүр шапқылап, Кереметтым саққұлақ. Тек есектен басқа да, Оған ұқсар жоқ құлақ.<br>Бұл не?<br>Қыс бойына жатады,<br><br>Тәтті ұйқыға батады. Ит сияқты пішіні, Ұнатпайды ол кісіні.<br>Бұл не?<br><br>Өзі қып-қызыл болып піседі, Күнге ұқсас келеді.<br>Бұл не?<br><br>Сонымен балалар,бұл кейіпкерлер қай ертегіде кездеседі екен? | Жарайды.<br><br>Түлкі.<br><br>Қоян.<br><br>Аю.<br><br>Қасқыр.<br><br>Бауырсақ.<br><br>Бауырсақ ертегісінде. |

| | | |
|---|---|---|
| | «Бауырсақ»ертегісін қуыршақ театр арқылы қоюын усынады.<br><br>Балалар,ертегі сендерге ұнады ма?<br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңдар,балалар! | Балалар мазмұнын айтып береді.Балалар,қуыршақтарын алып ертегіні сахналайды.<br><br>Ия,апай!<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Балалар,жұмбақтың шешуін білді.

Үйренуі керек:Балалар ертегіні сахналап үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

| | | |
|---|---|---|
| | «Бауырсақ»ертегісін қуыршақ театр арқылы қоюын усынады.<br><br>Балалар,ертегі сендерге ұнады ма?<br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңдар,балалар! | Балалар мазмұнын айтып береді.Балалар,қуыршақтарын алып ертегіні сахналайды.<br><br>Ия,апай!<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Балалар,жұмбақтың шешуін білді.

Үйренуі керек:Балалар ертегіні сахналап үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: М. Бо[illegible]

Айы:Наурыз

Күні:11.03.2022ж

Апта:Жұма

ТақырыбькЖәндіктер

Мақсаты:Балалардың жәндіктер туралы білімдерін кеңейту.Сөздік қорын молайтып,ерін әңгімелесуге үйрету.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгаршалікке дазалыққа үйрету.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырущы қозғаушы<br><br>Ұйымдастырушы Ізденуші | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br><br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Балалар,мына жұмбақтардың жауабын дұрыс шешсеңдер,бүгінгі сабағымыз не жайлы екенін білесіңдер.<br>*<br>Жұмбақ: Ызыңдап ән салады, Жұп-жұқа қанаты.<br>Тәтгіге тамсанып, Қоқысқа қонады.<br>Бұл не ?<br><br>Ұшқанда өлең айтады, Қонғанда жер қазады. Мұны да ойлап көріңіз, Шешуін кім табады?<br><br>Бұл не?<br><br>Гүлдерге қонады, Шырыннын сорады. Түрлі-түсті сары-ала, Бұл не?<br><br>Қылдай белі бүгілген, Өзінен де жүгі үлкен.<br><br>Бұл не?<br><br>-Бұл жұмбақтар не жайлы,оларды бір сөзбен қалай атайды?<br>-Балалар тағы қандай жәндіктерді білесіңдер?<br>-Жәндіктердің аяғы нешеу?<br>-Олар иісті сезе ме?<br>Дұрыс айтасыңдар.<br>Олардың көздері өте көреген,дәм және иісті мұртшаларымен сезеді. | Саламатсыз ба,апай! Бізде сізді көргенімізге қуаныштымыз.<br>Тамаша.<br><br>Жарайды.<br><br>Шыбын<br><br>Қоңыз<br><br>Ара<br><br>Құмырсқа<br><br>Жәндіктер<br><br>Балалардың жауаптары.<br>Екеу,төртеу,алтау.<br>Ия<br><br>Ия,шыбын |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы ізденуші | -Ең мазасыз жәндікті білесңдер ме?<br>-Жазда қандай жәндікті кездестірдіңдер?<br>-Жазда олар көп бола ма?<br>-Қай уақытта азаяды?<br>-Жәндіктер қайда қыстайды?<br><br>Ал,балалар сабақтан шаршадық,енді сергіту жасап бір сергіп алайық.<br><br>Сергіту сәті: Шаршасаңдар балалар,<br>Қолдарыңды созыңдар.<br>Бір,екі,үш,төрт,<br>Саусақтарыңды созыңдар.<br>Денелерің шынықсын,<br>Саусақтарың тынықсын. | Ара,шыбын,көбелек,инелік, қоңыз.<br>Ия<br>Қыста<br>Балалардың жауаптары<br><br>Балалар сергіту сәтін жасады.<br>Бірге айтады қайталап. |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Балалар жәндіктертуралы білді.

Үйрену керек:Жұмбақтың шешуін тауып үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасайды. »

Әдіскері

Айы:Наурыз.
Күні:18.03.2022ж
Апта:Жұма
Тақырыбы: Көбелектер.
Мақсаты:Балаларды көбелектермен ,олардың қасиеттермен таныстыру.
Білімдерін кеңейту,өз ойларын дұрыс айту.

**Тәрбиелік мәні:** Балалардың өзіне және айналасындағыларға жақсы сезімін ояту, жәндіктерге сүйіспеншілігін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімін ояту және жауапкершілікке, тірі табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастыруш қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме.балалар!<br>Балалар.шаттық шеңберіне жиналайық.<br>Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз. Қонақтарды көргенде, Сәлеметсіздер ме,-деп Сәлемдесіп аламыз.<br><br>-Балалар.сабағымызды бастамас бұрын.мен сендерге жұмбрқ жасырайын.<br>Қаны жоқ.жаны бар, '<br>Гүл іздеп сабылар.<br>Бұл не? | Сәлеметсізбе.апай!<br>Балалар.шаттық шеңберіне жиналады.<br>Бірге айтады қайталап.<br><br>Балалар қызыға тыңдайды.<br><br>Көбелек. |
| Ұйымдастыруш ы ізденуші | Балалар.қазір қай мезгіл?<br>Жаз мезгілінде көбелектер бола ма?<br>Ия.дұрыс айтасыңдар.<br>Жаз мезгілінде түрлі түсті көбелекгер болады.<br>Бір жылда неше мезгіл бар?<br>Қане.балалар атайықшы.<br>1 Көктем.<br>2 Жаз.<br>3 Күз.<br>4 Қыс.<br>Балалар.көбелектер жазық далада.гүлден -гүлге қонып.өсімдікгердің жапырақтарына жұмыртқалайды.Жұмыртқалары жұлдызқұртқа айналады.Олар жұпты аяғымен қозғалайды.Жіпке оранып қуыршақ пайда болады.Ол көбелектің үйі.Арада уақыт өте келе.көбелек шығып.қанаттарын кептіріп.ұшады.Мұрттарымен иіс сезеді.Көбелектер гүлдің шырынымен қоректенеді.көздерімен айналаны бағдарлайды.<br>Балалар.сергіту сәтін жасайық.<br><br>«Көбелек»<br>Дос болайық, көбелек. Жайнап тұрған бақшамда Гүлдерімді тере кет. Жаңбыр жаушы себелеп, Тақияның астына Тығыла ғой көбелек. | Жаз мезгілі.<br>Ия<br><br>Төрт мезгіл.<br>Балалар.бірге айтады қайталап.<br><br>Балалар.сергіту сәтін жасайды.Бірге айтады қайталап. |

| | | |
|---|---|---|
| | Көбелектер қандай болады?<br><br>Балалар,сабағымыз аяқталды.Сау болыңдар,балалар! | Көбелектер түрлі-түсті болады.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:
Білуі керек:Балалар,көбелек жайлы білді.
Үйренуі керек:Көбелектердің түрлі түсті екенін біліп үйренді.
Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

Әдіскер:

Айы:Наурыз

Күні:25.03.2018ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Қиял ой жүйрігі

Мақсаты: Балалардың қиялын,ойлау қабілетін дамыту.Дене жаттығуын жасап үйрету.

Тәрбиелік мәні:Балаларды тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Бүгін ауа-райы қандай?<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br><br>Көктем мезгілінде қандай өзгерістер болады? | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Тамаша:<br>Көктем<br><br>Ауа-райы жылынып.Ағаштар бүршік атады.Жер беті жап-жасыл. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар,қане бәріміз бірге көзімізді жұмып көз алдымызға табиғатта серуендеп жүргенді елесгетіп көрейік.<br>Ал ,балалар сендер нені көріп тұрсыңдар?<br>Табиғат қандай екен?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Енді көзіміді жаймен ашамыз.<br><br>Сергіту сәті:<br>Жай қолыңды оң жаққа,<br>Жай қолыңды сол жаққа. Қол айландыр бұлданбай, Екі шеңбер сызғандай.<br>Сәл тынығып байқа да,<br>Он шақты рет қайтала.<br>Біз гүлдерше өсеміз, Жапырағы жайқалған.<br>Сабақтары салалы,<br>Жерге ырғалып жайқалған. | Балалар көзерін жұмып ойлайды.<br><br>Табиғатты. *<br>Табиғат әсем,сөз жеткізе алмаймыз.<br>Балалар қайталайды.<br><br>Балалар сергіту сәтін жасады.<br>Бірге айтады қайталап. |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Өз ойын жеткізе білді.

Үйренуі керек:Көңіл күйін айтып үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Сәуір

Күні:01.04.2022

Апта: Жұма

Тақырыбы:Түлкі

Мақсаты:Балалардың жабайы аңдар туралы түсініктерін кеңейту.Түлкінің тіршілік ортасымен таныстыру.

Аңдардың кейбір ерекшеліктерін салыстыра айтуға,ажыратуға үйрету.

Тәрбиелік мәні:Балаларды жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Ұл қолында ту жүрсін,<br>Қыз қолында гүл жүрсін.<br>Көк аспанда күн күлсін,<br>Бірге күлсін бүлдіршін, | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша<br><br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br><br>Бірге қайталайды. |
| Дұрыс айтасыңдар,ба<br>Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Ал,балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын,<br>Сендер жұмбақтың жауабын шешіңдер.<br>-Түсі қызыл,ұзын құйрық<br>Бұл қандай жыртқыш аң?<br><br>Жазда інді мекендейді,<br>Қыста ұйқыға кетпейді.<br>-Бұл аңды шөлейт жерлерде де,қалың ну<br>Орманда да кездестіруге болады.<br><br>Өзі айлакер,өзі бір қу,<br>Жүрген жері айқай да шу.<br>Бұл қандай аң қандай ан?<br>Дұрыс айтасыңдар,балалар!<br>Бұл түлкі.<br><br>-Денесіндегі түгі қандай<br>-Құйрығы қандай<br>-Түлкінің неше аяғы бар<br>Жарайсыңдар балалар<br>Балалар түлкінің аяқтары қысқа,сондықтан қыста қар қалың болғанда омбылап жүгіре алмайды<br><br>-Оның тұмсығы қандай?<br>-Түлкі қайда мекендейді?<br>-Ол немен қоректенеді?<br><br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңдар,балалар! | Балалар жұмбақты қызыға тыңдайды<br><br>Түлкі<br><br>Түлкі<br><br>Түлкі<br><br>Қалың<br>Ұзын<br>Төртеу<br>Түлкінің төрт аяғы бар<br><br>Ұзын<br>Орманды мекендейді<br>Ол кішкентай жан жануарлармен,құстармен қоректенеді<br><br>Сау болыңыз.апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар жабайы аңдар туралы білді.

Үйрену керек:Түлкі туралы біліп,үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Сәуір

Күні:08.04.2022ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Санамақ

МақсатьсКіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.Қисынды ойлауынданымдық деңгейін арттыру.Қимыл -қозғалысын жақсарту.Санамақ арқылы ойлау қабілетін жақсарту,санауды жатқа айтып үйрену.Есте сақтау қабілетін жақсарту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды анық,әрі дұрыс сөйлеп санауға үйрету.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіздер ме,балалар!<br>Балалар шаттық шеңберіне жиналайық.<br><br>Жарқын болсын өміріміз,<br>Жаздың әсем таңындай.<br>Таза болсын көңіліміз,<br>Таудың әппақ қарындай! :<br>Жарайсыңдар,балалар! ' | Сәлеметсіз бе,апай! Балалар шаттық шеңберіне жиналды.<br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | -Балалар, бұл не?<br>-Қане ,балалар санамақпен бірге санайықшы.<br>-Балалар санамақтыңтүстері бірдей ма? -Санамақтүстері қандай екен?<br><br>Санамақтүстерін ажыратып қою. Ақтүстерді бірге жинап,көк түстерді бір бөлек жинаймыз.<br><br>Сергіту сәтін жасайық. Оң қолымда бес саусақ, Сол қолымда бес саусақ. Қосып едім екеуін, Болып шықты он саусақ. Жарайсыңдар,балалар! | Санамақ<br><br>Балалар санамақты санайды. Жоқ<br>Ақ пен көк түс<br><br>Балалар түстерді ажыратып жинады.<br>Балалар сергіту сәтін жасады.<br>Бірге айтады қайталап. |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Түстерді ажырата білді.

Үйренуі керек:Санамақты санап үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

АйьсСәуір

Күні:15.04.2022ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Бұлттар

Мақсаты:Балаларға бұлттар және оның қасиеті туралыжалпы түсінік беру.Жұмбақтарды шешу барысында белсенділікті,жауапкершілікті дамыту.

Тәбиелік мәні:Балаларды табиғатқа қамқор болуға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар! Көңіл-күйлерің қандай?<br>Бүгін ауа-райы қандай?<br>Балалар шаттық шеңберін құрайық. Төскейден жел еседі,<br>Төбемнен бұлт көшеді.<br>Туған жерім мен үшін,<br>Көк майсасын төседі.<br>* | Сәлеметсіз бе,апай! Тамаша!<br>Бұлтты<br>Балалар шаттық шеңберін құрады.Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Ал,балалар мен сабақты ёастамас бұрын сендерге жұмбақ жасырайын.<br><br>Көз жасты-жылауық, Келе жатыр жылауық. Бұл не ?<br><br>Тырсылдап түседі,<br>Жер бетіне жетеді.<br>Жер бетіне жеткен соң, Ғайып болып кетеді.<br>Бұл не?<br><br>Таңертең бар,кешке жоқ, Кеш түгілі,түсте жоқ.<br>Мен әуелі моншақпын, Ірі емес,ұсақпын.<br>Бұл не?<br><br>-Бір қарағанда жұмбақтардың жауабы әртүрлі,бірақ оларды бір нәрсе біріктіреді. Ол не?<br>-Сонымен бұлт дегеніміз не?<br>Бұлт -судың жылу әсерінен аспанға көтеріліп,буға айналған түрі.Кейін жаңбыр жауар қара бұлтқа айналады.<br>Балалар бұлттардың пішіні әртүрлі болады.Өйткені,олар әртүрлі биіктікте,әр түрлі температурада түзіледі.<br><br>-Балалар мен сендерге бұлттарды көрсетемін,сендер бұлттар қандай күйде болғанын айтып бересіңдер. | Балалар жұмбақты қызыға тыңдайды.<br><br>Бұлт<br><br>Бұршақ<br><br>Шық<br>Бұлт<br>Балалардың жауаптары.<br><br>Балалар,бұлттардың әр түрлі кейіпте тұрғанын айтып береді. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы ізденуші | Бұлттар қандай көңіл-күйде болып тұр?<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сабағымыз аяқталды,сау болыңдар! | Балалар әртүрлі көңіл- күйлерді қимыл-қозғалыспен көрсетіп береді.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Бұлттар жайлы білді.

Үйренуі керек:Жұмбақтың шешуін тауып үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: 

Күні:22.04.2022ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Кірпі

Мақсаты:Балалардың дала жануарлары туралы білімдерін кеңейту.Сөйлемді байланысытырып сөйлеуге жаттықтыру.Балалардыңтыңдай білу қабілетін дамыту.

Тәрбиелік мәнıБалаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар! Балалар,шаттық шеңберін құрайық. Таиғат біздің анамыз.<br>Табиғатқа баламыз,<br>Иіліп сәлем береміз.<br>Біз әдепті баламыз. Жарайсыңдар,балалар! | Сәлеметсіз бе,апай! Балалар шаттық шеңберін құрды.Бірге айтады қайталап. |
| | Балалар,мен сендерге жұмбақжасырайын. Көп-көп ине көп ине.<br>Бір сабағы жоқ ине,<br>Істікпейді әрине.<br>Бұл не? | Балалар жұмбақты қызыға тыңдайды.<br><br>Кірпі |
| Ұйымдастырушы ізденуші | -Балалар,кірпілер арқасындағы инесіне алмаларды түйреп алып жүреді ?<br>-Олар алмаларды тек тазалық үшін алып жүреді екен.Кірпілер орман ішінде жүргенде инелеріне шөп-шалам,бұтаұтар түйрелгенде, денелеріне кірпіні шағып,денесін шағып қышытатын көптеген паразит-жәндіктер жиналады.Олардан құтылу үшін арқасына алма түйреп алады екен.<br>Ал,алманың қышқыл шырыны кене,бүрге,сияқты паразиттерден сақтайды әрі тазартады екен.<br>-Балалар,кірпі қауіпті сезгенде не істейді? | Кірпі жиырылып қалады. |
| | Ал,балалар сендермен ойын ойнайық. -Түлкі қайда тұрады?<br>-Қасқыр қайда тұрады?<br>-Аю қайда тұрады?<br>-Тиын қайда тұрады?<br>-Қоян қайда тұрады?<br>-Кірпі қайда тұрады? | Балалар ойынды қызыға тыңдайды.<br>Орманда<br>Орманда<br>Орманда<br>Ағаштың бұтақтарын мекен етеді<br>Орманда<br>Орманда |
| | Кірпі жазда орманды мекендейді.Ал,күн суыта бастағанда түскен жапырақтарды | |

| | | |
|---|---|---|
| | инелеріне аунап-аунап,жиып алады.Жиып алған жапырақтарды үйшігіне тасиды. Сөйтіп,қысқы ұзақ ұйқыға дайындалады. Көктемде күн жылынысымен оянады. -Балалар,кірпі күндіз ұйықтапдүнде құрт- құмырсқаларды аулауға шығады.<br>Кірпі әр түрлі ұсақ жәндіктермен: қоңыздар,ұлу,бақа, кесірткелермен және де жерде жұмыртқалайтын құстардың ұясын бұзып,жыланмен қоректенеді.<br>Ал,балалар сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңыздар ,балалар! | Балалар қызыға тыңдайды.<br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білуі керек:Балалар дала жануарлары туралы білді.

Үйренуі керек:Жұмбақтың шешуін тауып үйренді.

Жасауы керек: Шаттық шеңберін жасады.

Айы:Мамыр

Күні:29.04.2022ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Сана және боя

Мақсаты:Балалар кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту. Қимыл қозғалысын арттыру.

Тәрбиелік мәні:Балаларды анық әрі дұрыс сөйлеуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Қане шаттық шеңберіне жиналып отырайық.<br>Жарқын болсын өміріміз, Жаздыңәсем таңындай.<br>Таза болсын көңіліміз,<br>Таудың аппақ қарындай. | Сәлеметсізбе,апай! Балалар шаттық шеңберіне жиналып отырды.<br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар біздің бүгінгі тақырыбымыз «Сана және боя» ^<br>Балалар біз санауды білеміз бе? Қане,бірге санайықшы. 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 | Ия,апай!<br>Балалар бірге санайды. |
| | Балалар мен сендерге сурет көрсетемін.Біз сол суреттерді санап және бояп үйренеміз жарай ма?<br>Балалар бұл суретте біз нені көріп тұрмыз?<br>Жарайсыңдар,балалар! | Балалар суретті көріп тамашалайды.<br>Санап және бояп үйренеді. Жеміс жидектердің суреті. |
| | Алманыңтүсі қандай? Ал қызанақтың ше? | Жасыл<br>Қызыл |
| | Балалар мына жерде неше алманы көріп тұрмыз? | Балалар алманың санын атап айтады. |
| | Балалар мен сендерге жеміс жидек салынған себетті көрсетемін.<br>Біз сол себеттегі жеміс жидектердің санын атап айтамыз. | Балалар жеміс жидек салынған себеттегі жемістерді санап шығады. |
| | Жарайсыңдар,балалар! Сабағымыз аяқталды,сау болыңыздар,балалар! | Рахмет,апай!<br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар санауды білді.

Үйрену керек:Балалар санап және бояп үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады. Әдіскер:

АйыгМамыр

Күні:06.05.2022ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Жағымды,жағымсыз эмоция

МақсатькБалаларға әр адамның жеке тұлға,өзінше ерекше екенін ұғындыру.

Балалардың зейінін,сөйлеуін,өз ойын еркін жеткізу және балалардың коррекциялық

қимылы мен белсенділігін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды жағымды қатынас жасауға,мейірімділікке тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрайық. Әдеп сақтап әманда, «<br>Әрбір адал адамға.<br>Жасасаң бір қамқорлық,<br>Қайтарады саған да.<br>Жарайсыңдар балалар!<br><br>Балалар көңіл күйлерің қандай?<br>Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Балалар бір-бірімізге жағымды көңіл-күй білдірейік.<br>Мына суреттер бізге не дейді? | Сәлеметсіз бе,апай! Бізде қуаныштымыз.<br><br>Балалар шатгық шеңберіне тұрады.<br>Бірге айтады қайталап.<br>*<br><br>Тамаша!<br>Жаз мезгілі.<br>Жағымды көңіл-күй білдіреді.<br>Күледі,мұңаяды,таңырқайды, ренжиді,ашуланады.<br>Ия. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар сіздер білесіздер ме,біз әр түрліміз. Біздің бойымыз,шашымыз,көзіміз,жасымыз да,бойымыз да.Әйтседе бір жағдайда бірдейміз.Көңілді болсақ күлеміз,көңілсіз болсақ мұңаямыз.<br><br>Жағымды эмоция түрлерін ажырата алу қабілетін анықтауға арналған жаттығу.<br><br>Дене, тіл мен адамның эмоцияналдық жағдайын дамытуға арналған жаттығулар.<br><br>Сенің иығың«Мен білмеймін»деп қалай айтатыныңды көрсет.<br><br>Сенің саусағыңмен «Бері кел»деп қалай айтатыныңды көрсет.<br><br>Сенің басыңмен «Ия немесе жоқ»деп қалай айтатыныңды көрсет. | <br><br>Балалар қимыл қозғалыспен жаттығуды жасайды.<br><br>Балалар иықпен көрсетеді.<br><br>Қолмен бұлғап көрсетеді.<br><br>Қимыл қозғалысын жаайды. |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар сабақтан шаршадық.<br><br>Сергіту сәтін жасайық.<br>Оңға,оңға түзутұр, Солға,солға түзу тұр.<br><br>Артқа қарай бір адым, Алдыға қарай бір адым.<br>Жоғары төмен қарайық, Орнымызды табайық.<br><br>«Эмоцияларды жина ойыны»<br>Ойын барысыэмоцияларды білдіретін смайлдар жатады. Ақ параққа жапсырту.<br><br>Жарайсыздар,балалар!<br>Сау болыңыздар,балалар! | Ия.<br><br>Балалар сергіту сәтін жасайды.<br><br>Балалар ойынды қызыға ойнады.<br><br>Рахмет,апай!<br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Адамның эмоцияналды жағдайын көрсете алды.

Үйренуі керекЭмоцияларды ажырата білді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін және қимыл қозғалысын жапсырды.

Әдіскер: М. [signature]

Айы:Мамлыр

Күні:13.05.2018ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Қорқыныш,көңілсіздік.

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін дамыту.Өз ойын жеткізе білу.Қорқыныш,көңілсіздік сезімдерін жеткізе біледі.

Тәрбиелік мәні:Адамгершілік,қорқынышын жеткізе білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br><br>Балалар шаттық шеңберіне турайық.<br>Арым таза ,ақ көңіл, Адалдыққа сенемін.<br>Абыройлы ақ ниет, , Адамдыққа сенемін! [4] | Сәлеметсіз бе,апай!<br>Тамаша!<br>Бізде сізді көргенімізге қуаныштымыз.<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрды.Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар сендер неден қорқасыңдар?<br>Алып аюдан қорқамыз ба?<br>Қасқырдан қорқамыз ба?<br>Қараңғыдан қорқамыз ба?<br><br>Біз тағы неден қорқамыз,жабайы аңдардан, қорқынышты заттардан қорқамыз ба? Балалар біз батыр болайық жарайма,бізді ешнәрсе жеңе алмайды.<br><br>Балалар мына суретке қарайықшы.<br>Бұл жерде біз ненің суретін көріп тұрмыз?<br>Аңдардың суреті.<br><br>Бұлар қандай аңдар?<br>Дұрыс айтасыңдар .Бұлар жабайы аңдар.<br><br>Балалар біз Батыр болайық,бізді ешнәрсе жеңе алмайды.Біз ешнәрседен қорықпаймыз.<br><br>Балалар бір -бірімізге жылы лебіздерімізді білдірейік.<br>Мен сендерге күн мен бұлыттың суретін беремін,сол суреттерді сендер жапсырып шығасыңдар.Жарайма балалар!<br><br>Сергіту сәтін жасайық. | Қараңғыдан.<br>-Ия,олар үлкен.<br>-Ия,себебі ол жабайы.<br>-Ия,себебі біз қараңғыда ешнәрсе көрмейміз.<br><br>-Ия.<br><br>Жарайды.<br><br>Балалар суретті қызыға көріп шығады.<br>Жабайы аюдың суреті. Бұл қасқырдың суреті.<br>Бұлар жабайы аңдар.<br><br>Жарайды.<br><br>Балалар бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді.<br><br>Жарайды апай! |

| | | |
|---|---|---|
| | Ұзын құлақ сұр қоян,<br>Естіп қалып сыбдырды. Ойлы -қырлы жерлерден, Ытқып-ытқып секірді.<br><br>Жарайсыңдар,балалар! Сау болыңыздар,балалар! | Балалар сергіту сәтін жасады.<br>Бірге айтады қайталап.<br><br>Сау болыңыз ,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Қорқыныш пен үрейді ажырата білді.

Үйрену керек.Суретті ұқыпты жапсырып шықты.

Жасауы керекгСергіту сәтін жасады.

Әдіскер: 

Айы:Мамыр

Күні:20.05.2022ж

Апта:Жұма

Тақырыбы:Жарысамыз,жаттығамыз

Мақсаты: Балалардың қимыл қозғалысын арттыру,спортқа деген қызығушылығын арттыру.Логикалық ойлауын дамыту.

Тәрбиелік мәні:Салауатты өмір салтын ұстанып,дене қимыл жаттығуын жасауға ынталандыру.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар! Көңіл күйлерің қалай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық. Спорт көркі өмірдің,<br>Спорт досың серігің. Жаттықсаң шымыр боларсың, Шынығып өсіп толарсың. * | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрды.<br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар бүгінгі сабақта біз дене жаттығуын жасап үйренеміз.<br>Балалар сендер таңертең жаттығу жасайсыңдар ма?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Ал енді біз жаттығу жасайық.<br>Қолды белге қоямыз,оңға және солға бұрыламыз.<br><br>Енді орнымыздан тұрып секіреміз. 1,2,3,4<br><br>Балалар шаршаған жоқпыз ба?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br><br>Енді шеңбер бойлай жәймен жүгіреміз. Енді иыққа қолды қойып,айналдырамыз. Алға бір,артқа бір. Жарайсыңдар,балалар! Өтетамаша!<br><br>Ал балалар,жаттығуымыз аяқталды. Сау болыңыздар,балалар! | Ия,апай.<br>Жаттығу жасаймыз.<br><br>Балалар қимыл қозғалыс жасайды.<br><br>Бір орында тұрып секіреді. 1,2,3,4<br><br>Жоқ,апай! Шаршаған жоқпыз.<br><br>Балалар шеңбер бойлай жүгіреді. Қолдарын иыққа қойып,алға бір,артқа бір айналдырып жаттығуды жасайды.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар жаттығуды жасады.

Үйрену керек:Шаттық шеңберін жасап үйренді.

Жасауы керек:Жаттығуларды жасады.

Әдіскер! М. Бибекова

Күні:27.05.2022ж.

Апта:Жұма.

Тақырыбы:Көңілді шеңбер.

Мақсаты:Баланың есте сақтау қабілетін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Адамгершілікке тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастыруціы қозғаушы | Сәлеметсіңдер ме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне жиналайық. Жабырқауды білмейміз, Жалқаулықты сүймейміз. Біз талантты жас ұлан, Үлгі аламыз жақсыдан. | Сәлеметсіз бе, апай!<br>Тамаша!<br><br>Шаттық шеңберіне жиналады. Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | к<br>Мейірім шуағы ойыны:<br>Балалар,қараңдаршы,Күн-ана өзінің мейірім шуағын төгіп,біздің жан-дүниемізге жарық сәулесін шашып тұрады.Күн сәулесі біздің бетімізге, саусақта рымызға,ала қа нымызға мейірім шуағын төкті.Енді осы жүрек жылуымызды бір-бірімізге сыйлайық. Енді балалар,»Мейірім шуағы»атты ойын ойнап көрейік.<br>-Сен кімсің?<br><br>Ойын осылай жалғасу арқылы шеңбер бойында күн бейнеленеді.<br><br>«Көңілді шеңбер»ойыны<br>-Балалар,күн дегенде көзімізді ашамыздүн дегенде жұмамыз. Балалардың зейінін,ойлау қабілетін дамыту.Балалар, бір-біріне мұқият қарайды.Жүргізуші белгі бергенде | Ойын жолдарын орындайды.<br><br>Мен- Айзеремін Мені анам-Ботам дейді.<br><br>Балалар,күн дегенде көздерін ашады,түн дегенде жұмады |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар көздерін жұмады.Сол кезде жүргізуші, отырған балаларға түрлі заттарды қыстырып қояды.<br>(гүл,орамал)<br>-Балалар ,көздерін ашқанда не өзгерді?-деп сұрақ қояды.<br>Ең зейінді балаға жұлдызша беріледі.<br>-Балалар,сендерге ойын ұнады ма?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңыздар,балалар! | Ия,ұнады.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже: .

Білуі керек:Балалар,ойын шартын білді.

Үйренуі керек:Ойын шарты бойынша ойнап үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскёр:

«Қыз Жан»балалар бақшасы ЖШС

«Балбөбек» «Ай Ару»

«Балапан»

Кіші топ

# Тақырыптық жоспар

Педагог-Психолог:Қаныбекова Ақжар

2021-2022

Бекітемін:

«Қыз Жан»Балалар бақшасының меңгерушісі

-------------- Бижанова М.Ж

| | Тақырыбы | Өтілетін күні |
|---|---|---|
| 1 | Күз | 03.09.2021 |
| 2 | Сезімтал алақандар | 10.09.2021 |
| 3 | Алтын күз | 17.09.2021 |
| 4 | Топтарға қатысу Түстерді ажырату | 24.09.2021 |
| 5 | Көңілді шеңбер | 01.10.2021 |
| 6 | Түрлі-түсті қолшатыр | 08.10.2021 |
| 7 | Қиял ой жүйрігі | 15.10.2021 |
| 8 | Жаманнан жтрен | 22.10.2021 |
| 9 | Әдептілік әлемі | 29.10.2021 |
| 10 | Ұшады,ұшпайды | 05.11.2021 |
| 11 | Алтын жұмыртқа | 12.11.2021 |
| 12 | Біздің қанатты достарымыз | 19.11.2021 |
| 13 | Суретті құрастыр | 26.12.2021 |
| 14 | Алма ағашы | 03.11.2021 |
| 15 | Қар | 10.12.2021 |
| 16 | Қыс | 24.12.2021 |
| 17 | Бақ—бақ гүлі | 14.01.2021 |
| 18 | Көру,ойлау,айту | 21.01.2021 |
| 19 | Біз әдепті баламыз | 28.01.2022 |
| 20 | Көңілді суреттер | 04.02.2022 |
| 21 | Қимылды ойындар | 11.02.2022 |
| 22 | Әр түсті дөңгелек | 18.02.2022 |
| 23 | Түйе | 25.02.2022 |
| 24 | Ертегілер елінде | 04.03.2022 |
| 25 | Жәндіктер | 11.03.2022 |
| 26 | Көбелектер | 18.03.2022 |
| 27 | Қиял ой жүйрігі | 25.03.2022 |
| 28 | Түлкі | 01.04.2022 |
| 29 | Санамақ | 08.04.2022 |
| 30 | Бұлттар | 15.04.2022 |
| 31 | Кірпі | 22.04.2022 |
| 28 | Сана және бояу | 29.04.2022 |
| 29 | Жағымды жағымсыз эмоция | 06.05.2022 |
| 30 | Қорқыныш,көңілсіз | 13.05.2022 |
| 31 | Жарысамыз,жаттығамыз | 20.05.2022 |
| 32 | Көңілді шеңбер | 27.05.2022 |

«Қыз Жан» балалар бақшасы ЖШС

# «Балбөбек» «Ай Ару» «Балапан»

## Күнтізбелік жоспар

Педагог-психолог:Қаныбекова. А

2021-2022ж

**Бекітемін:**

**«Қыз Жан» балалар бақшасының меңгерушісі:**

**------------------------------ М.Бижанова**

**«Қыз Жан» балалар бақшасы ЖШС-нің**

**Педагог-психологының 2021-2022 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспары**

Қыркүйек айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Сезімтал алақанда | Сәрсенбі | 1.09.2021 |
| 2 | Күн көзінде қонақта | Бейсенбі | 9.09.2021 |
| 3 | Күз мезгілі | Сәрсенбі | 15.09.2021 |
| 4 | Бауырсақ | Бейсенбі | 23.09.2021 |
| 5 | Әдептілік әлемі | Сәрсенбі | 29.09.2021 |

Қазан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Күз | Сәрсенбі | 7.10.2021 |
| 2 | Құстар | Бейсенбі | 13.10.2021 |
| 3 | Жағымды,жағымсыз қасиеттер | Сәрсенбі | 21.10.2021 |
| 4 | Құстардың бәрі ұша алама? | Бейсенбі | 27.10.2021 |

Қараша айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Достық пен жақсылық | Сәрсенбі | 4.11.2021 |
| 2 | Нан | Бейсенбі | 10.11.2021 |
| 3 | Дәрумендер мен дақылдар | Сәрсенбі | 18.11.2021 |
| 4 | Құмырсқалар | Бейсенбі | 24.11.2021 |

Желтоқсан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Мысық | Сәрсенбі | 2.12.2021 |
| 2 | Құстар бойынша көркем суретпен әңгімелесу | Бейсенбі | 8.12.2021 |
| 3 | Қар | Сәрсенбі | 22.12.2021 |
| 4 | Қыс | Бейсенбі | 30.12.2021 |

Қаңтар айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Ақ аю | Сәрсенбі | 5.01.2022 |
| 2 | Қыстап қалатын құстар | Бейсенбі | 13.01.2022 |
| 3 | Дала жануары | Сәрсенбі | 19.01.2022 |
| 4 | Құстар | Бейсенбі | 27.01.2022 |

Ақпан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Иіс сезу мүшесі мұрын | Сәрсенбі | 02.02.2022 |
| 2 | Әдептілік | Бейсенбі | 10.02.2022 |
| 3 | Денсаулық | Сәрсенбі | 16.02.2022 |
| 4 | Сана және боя | Бейсенбі | 24.02.2022 |

Наурыз айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Дәрумендер мен дақылдар | Сәрсенбі | 2.03.2022 |
| 2 | Түлкі | Бейсенбі | 10.03.2022 |
| 3 | Жануарлар | Сәрсенбі | 16.03.2022 |
| 4 | Құндыздар | Бейсенбі | 24.03.2022 |
| 5 | Көктем | Бейсенбі | 30.03.2022 |

Сәуір айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Бұлттар | Сәрсенбі | 7.04.2022 |
| 2 | Жәндіктер | Бейсенбі | 13.04.2022 |
| 3 | Қоян | Сәрсенбі | 21.04.2022 |
| 4 | Құмырсқалар | Бейсенбі | 27.04.2022 |

Мамыр айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Жағымды көңіл-күй | Сәрсенбі | 5.05.2022 |
| 2 | Ұшатын көбелектер | Бейсенбі | 11.05.2022 |
| 3 | Көңілді шеңбер | Сәрсенбі | 19.05.2022 |
| 4 | Көру мүшесі | Бейсенбі | 25.05.2022 |

Айы:Қыркүйек

Күні:01.09.2021

Апта:Сәрсенбі

Тақырыбы:Сезімтал алақандар

Мақсаты:Балалардың құммен қалай жұмыс істеу дағдысын,ережелерін айтып түсіндіру.Құм терапиясы арқылы табиғи дүние өз алақандарымен сезіне,қорғай білу қасиеттерін,қол саусақ моторикаларын,танымдық даму деңгейлерін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімділікке,адамгершілікке,ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Балалар шеңберге тұрып,бір-Бірімізге жылы лебізді айтайық.<br><br>Шаттақ шеңберіне тұрайық.<br>Достығымыз берік боп,<br>Бекітейік беріп қол.<br>Қуанышты шеңберге,<br>Қандай жақсы қол берген. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Біз бәріміз доспыз,тату тәтті<br>Отбасымыз,біз бір-бірімізді<br>Жақсы көреміз.<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар сендер құмды білесің-дерма?<br>Құм өте ұсақ,майда болады.<br>Балалар құмды біз қайдан<br>Аламыз?<br><br>Балалар қолымызды құмға салып корейікші,құм қандай екен?<br><br>Балалар құмға түрлі суреттерді<br>Салуға болады.Құмды түрлі<br>Түстерге бояуға болады.Сендер<br>теледидардан көргенсіңдерма?<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Ия,апай.<br><br>Құм ыстық екен.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ия,апай көргенбіз.<br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар құммен қалай ойнау керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Қыркүйек

Күні:09.09.2021

Апта:Бейсенбі

Тақырыбы:Күн көзінде қонақта

Мақсаты: Бала логикалық және шығармашылық ойлауды,еркін назарды есті,қабылдауды,қиялды,

Қолдардың ұсақ моторикасы мен сезімталдығын дамыту;

Тәрбиелік мәні:Балалардың сөздік қорын кеңейту,айналасындағылармен эмоционалдық оң

Қарым-қатынасты дамыту.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | <br>Сәлеметсіздерме,менің кішкен-<br>тай сиқыршыларым!<br>Мен сендерді тағы көргеніме<br>Өте қуаныштымын.<br><br>Балалар аспанды бұлт қаптап,Күн көрінбей қалды.Бұлт есігін жауып тастады.Енді есікті тек қана күннің көзі аша алады.Не істеуіміз керек? | Сәлеметсізбе,апай!<br><br>Біз сізді көршенімізге<br>қуаныштымыз |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Мүмкін сіздер көмексесіздер Күннің көзін<br>Шақырып көрейік<br>Менің айтқанымды қайталаңдар<br>Күннің көзі,бар әлемді жарқырат Қозыларды<br>Бұзауларды,балаларды аялап,<br>Сені күтіп балалар,,<br>Жылайды да сағынар,<br>Әсем көйлек киіп ап,<br>Төрімізге шығып ап<br>Күннің көзі сендерден оның кішкентай<br>Сәулелері болуларыңды сұрайды<br><br>Сендер келісесіңдер ме<br>Балалар,біз қазір құмның бетіне сурет<br>Саламыз Құмның тегіс беткі қабатына<br>Балалар күннің суретін салып,астыңғы қабатына судың суретін салып отыр Құмды қолдарымен ұстап,өз түйсіктерін сезінді<br>Балалар Маған ұнады,мен құмның салқын-<br>Дығын сезініп тұрмын<br>Құмға сурет салып,қандай болатынын білдік<br>Құм ойлағанда қандай сезімде болдыңдар<br>Құммен ойнап болған соң,балалардың қолын<br>Жудырып орындықтарға отыруын ұсынды<br>Жарайсыздар балалар<br>Сау болыңыздар | <br><br><br><br>Ия,апай сиқырлы сөзді<br>қайталап айтайық<br><br><br><br><br><br><br><br>Ия,апай<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Құммен ойнап,құм бетіне<br>сурет салып үйрендік<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Құмға сурет салып,құмдарды қолмен ұстау арқылы құм жылуын сезіне білді.

Үйрену керек:Құммен қалай ұқыпты ойнау керек екенін үйренді.

Жасауы керек:Құмдармен ойнап болған соң,балалар қолын жуды.

Әдіскер:

Айы:Қыркүйек

Күні:15.09.2021

Апта:Сәрсенбі

Тақырыбы: Күз мезгілі

Мақсаты:Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту.Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу.

Суреттер бойынша балалардыңі тіл байлығын дамыту.

Тәрбиелік мәні:Табиғат пен құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы | Сәлеметсіздерме,балалар! | Сәлеметсізбе,апай! |
| Қозғаушы | Көңіл күйлерің қандай? | Жақсы |
| | Бүгін ауа-райы суық,бұлтты болып тұр. | Ия,апай бүгін күн суық |
| | Шаттық шеңберіне тұрайық. | Шаттық шеңберіне тұрады. |
| | Алтын,сары.қызыл көк. | Бірге айтады қайталап |
| | Алуан-алуан жапырақ, | |
| | Күзгі бақта күлімдеп, | |
| | Көз тартады атырап. | |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? | Күз мезгілі. |
| | Ия,дұрыс,айтасыңдар,күз мезгілі. | |
| | Ал,күзде неше ай бар,қазір қай ай? | Апай үш ай бар. |
| | Ия,балалар! Дұрыс айтасыңдар. | 1.Қыркүйек |
| | | 2.Қазан |
| | | 3.Қараша |
| | | Қазір қыркүйек айы. |
| | | Жапырақтың түсі |
| | Күз мезгілінде ағаштағы жапырақтың түсі қандай | Сарғайып,жерге түсе |
| | Болады? | бастайды. |
| | Ия,балалар! Дұрыс айтасыңдар. | Ия,апай.Егіншілер |
| | Ал,екінші егіндерін жинап қамбаға салады.Күзде | Егіндерін жинайды. |
| | ауа райы суып,құстар жылы жаққа ұшып кетеді. | Құстар жылы жаққа |
| | Ата-аналар балаларына жылы киімдерін кигізіп | ұшады.Аналарымыз |
| | Жылы ұстайды. | бізді жылы киіндіреді. |
| | | Жоқ,апай. |
| | Күзде құстардың бәрі бірдей ұшып кетеді ме? | Ия,апай.жем шашамыз. |
| | Қалып қойған құстар тоңып қалмау үшін оларға ұя | |
| | жасап,жем шашуымыз керек. | |
| | | Балалар ұя жасайды |
| | Олай болса,балалар мына геометриялық пішіндер- | |
| | Ден ұя құрастырайық. | |
| | (Пішіндерді көрсетіп,түрін,түсін,атау орналастыру рет | Балалар апайдың |
| | түсіндіру) Ия,балалар! Дұрыс айтасыңдар. | Көмегімен ұя жасайды. |
| | Жарайсыздар,балалар! | Рахмет,апай. |
| | Сау болыңыздар, балалар! | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Күз мезгілінің ерекшеліктерін білді.Күзде неше ай бар екенін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қыркүйек

Күні:23.09.2021

Апта:Бейсенбі

Тақырыбы:Бауырсақ

Мақсаты: Балалардың ертегіні тыңдауға қызығушылығын арттыру,сөйлеуін,тілдерінің дұрыс жетілуіне

Ықпал жасау.Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне назар аудара отырып,ертегіні түсінуге қабылдауға,

Сезінуге жетелеу.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімділікке,адамгершілікке,тазалыққа тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қалай?<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Ән саламыз күнде біз,<br>Шаттық толы іргеміз,<br>Біз мәңгілік достармыз,<br>Біз әрқашан біргеміз.<br><br>Балалар біз бүгін бауырсақ<br>Ертегісімен танысамыз.Бұл<br>ертегіні бәрімізде білеміз.<br>Ертеде шалмен кемпір болыпты.<br>Шалы кемпірінен бауырсақ<br>Пісіруін сұрайды.Кемпірі бауыр-<br>Сақты пісіріп,суысын деп терезе<br>Алдына қояды.<br>Жата-жата жалыққан бауырсақ<br>,терезеден секіріп түсіп,домалай<br>Жөнеледі.Бауырсақ жолда<br>Зымырап бара жатса,алдынан<br>Қоян шығады.<br>Қоян:<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ:<br>Сен мен:<br>Сен мені же,мен саған өлең<br>Айтып беремін.<br>Мен бауырсақ,бауырсақ,<br>Мен атамнан қаштым,<br>Мен әжемнен қаштым,<br>Ал енді сенен қаштым-деп қаша<br>Жөнеледі.<br>Осылай әндетіп бауырсақ келе<br>Жатса,алдынан қасқыр шығады.<br>Қасқыр:<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ: | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды.<br><br><br><br><br>Ия,апай білеміз<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қоян<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қасқыр |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Бауырсақ:<br>Сен мені жеме,мен саған өлең ай<br>беремін.<br>Мен бауырсақ,бауырсақ<br>Мен атамнан қаштым, | Қоян |

| | | |
|---|---|---|
| | Мен әжемнен қаштым,<br>Ал енді сенен қаштым-деп қаша жөнеледі.Осылай орман<br>жағалап келе жатса,алдынан аю<br>Аю:<br><br>Бауырсақ домалап келе жатып түлкіге жолығады.<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ:<br>Сен мені жеме,мен саған өлең<br>Айтып берейін.<br>Бауырсақ өлеңін айтып болғанда<br>Айлакер қу түлкіге жолығады.<br>Түлкі:<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ:<br>Сен мені жеме,мен саған өлең<br>Айтып берейінБауырсақ өлеңін а<br>болғанда<br>Айлакер қу түлкі бауырсақты<br>Жеп қояды.Осымен ертегі<br>Аяқталды. | Түлкі |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар жағымды,жағымсыз,қасиеттерді айыра білді

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады. Әдіскер:

Айы:Қыркүйек

Күні:29.09.2021

Апта:Сәрсенбі

Тақырыбы: Әдептілік әлемі

Мақсаты:Балалардың әдептілік жайында түсініктерін кеңейту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды инабаттылыққа,адамгершілікке тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Ойнасын мнйлі ойнасын,<br>Ойынға ешбір тоймасын.<br>Алаңсыз болып ай-күнің,<br>Жақсылық бүгін тойлансын | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br>Шаттық шеңберіне жиналайық<br>Жарқын болсын өміріміз,<br>Жаздың әсем таңындай.<br>Таза болсын көңіліміз,<br>Таудың аппақ қарындай. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша<br>Балалар шаттық шеңберіне<br>Жиналды.Бірге айтады<br>қайталап. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Жарайсыңдар,балалар!<br>«Көңілді шеңбер» ойыны<br>Балалар ойын шартын түсіндіру;<br><br>Балалар шеңбер жасап отырады.Жүргізуші<br>Белгі бергенде,балалар көздерін жұмады.<br>Сол кезде жүргізуші отырған балаларға<br>Түрлі заттарды қыстырып қояды.<br>(гүл,орамал,бау,).Балалар көздерін ашқанда не<br>Өзгерді?-деп сұрақ қояды.Ең зейінді балаға<br>Жұлдызша немесе мұғалім сыйы беріледі.<br><br>-Балалар,сендерге ойын ұнадыма?<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңыздар,балалар! | Рахмет,апай!<br>«Көңілді шеңбер» ойыны<br>Балалар ойын шартын<br>түсінді.<br>Балалар көздерін жұм<br>Дегенде жұмады.<br><br>Ия,ұнады.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар ойын шартын түсіне білді.

Үйрену керек:Ойын шарты бойынша ойнап үйрену керек.

Жасауы керек: Саусақ жаттығуларын жасады .

Әдіскер: [signature]

Айы:Мамыр

Күні:25.05.2022

Апта:Бейсенбі

Тақырыбы:Көру мүшесі

Мақсаты:Баларларды көздің құрылысымен таныстыру Балалардың сезу мүшелерінің адамға

Қоршаған ортаны бағдарлауға,көз туралы білімдерін кеңейту .

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке,тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Айнасы дегендей,ад | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын.<br>Шаттық шеңберіне жиналайық<br><br>Жақсы жаман нәрсенің,<br>Ол бәрін де көреді.<br>Жақсыларын ішінен,<br>Саған айтып береді<br><br>-Бұл не?<br>Тағы бір жұмбақ жасырып көрейін<br>Екі ағайынды,<br>Бірін бірі көрмейді (Көз)<br><br>-Балалар адамның көзіне қарап,оның көңіл-күйі<br>Қандай екенін білуге бола ма?<br><br>Ойын жаттығу Көзінен таны Ауызды көрсетпей,<br>Орамалмен беттің төменгі жағын жабу<br>Көңілді<br>Жаман көңіл<br>Ауырғанда<br>Көрдіңдер ме,балалар, «Көз-көңілдің» айнасы<br>Дегендей,адамның көңіл-күйін көзінен жазбай<br>Тануға болады екен<br><br>Ойын Көзге қауіпті заттарды ата<br>-Білесіңдер ме,балалар,аралардың көзі бесеу<br>Болады екі үлкен және үш кішкентай Ал<br>Құмырсқалар болспа жұлдыздарды күндіз де<br>Көре алады екен<br>-Кәнекей,балалар,көзді күту ережелерін еске<br>Түсірейік:<br>Жарық жеткіліксіз жерде кітап оқуға,жазуға,<br>Сурет салуға бола ма?<br>Күннің көзіне арнайы шынысы бар көзілдіріксіз<br>Карауға бола ма?<br>Теледидарды көргенде,экранға жақын отыруға<br>бола ма ?<br>Балалар сергіту сәтін жасайық.<br>Біз гүлдерше өсеміз. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Бізде сізді көргенімізге қуа<br>Балалар шаттық шеңберіне<br>Жиналды.Бірге айтады<br>қайталап.<br>Балалар,жұмбақты зер сал<br>тыңдайды<br>Балалардың жауаптары<br><br>Көз<br><br><br><br>Көз<br><br>Ия<br><br><br>Балалар қимыл қозғалыспе<br>ойнайды<br><br><br><br>Ия<br><br><br><br><br>Балалар ойын ойнайды<br><br><br><br><br><br>Жоқ<br><br><br>Жоқ<br><br>Жоқ<br><br>Балалар сергіту сәтін |

| | | |
|---|---|---|
| | Жапырағы жайқалған.<br>САбақтары салалы,<br>Желге ырғалып жайқалған.<br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңыздар,балалар! | Жасайды.<br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Көз жайлы білді.

Үйрену керек:Көзінен таны ойынын ойнап үйренді.

Жасауы керек: Саусақ жаттығуларын жасады .

Әдіскер:

«Қыз Жан» Балалар бақшасы ЖШС

# «Балдырған»«Ай Мөлдір»

# Ортаңғы топ

## Күнтізбелік жоспар

Педагог-психолог:Қаныбекова А

2021-2022

Бекітемін:

«Қыз Жан» балалар

бақшасының меңгерушісі

_________________ М.Бижанова

«Қыз Жан» балалар бақшасы ЖШС-нің

Педагог-психологының 2021-2022 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспары

Қыркүйек айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Жасыл жапырақ | Дүйсенбі | 06.09.2021 |
| 2 | Күз мезгілі | Сейсенбі | 14.09.2021 |
| 3 | Мейірімділік әлемі | Дүйсенбі | 20.09.2021 |
| 4 | Дос болайық бәріміз | Сейсенбі | 28..092021 |

Қазан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Алма ағашы | Дүйсенбі | 04.10.2021 |
| 2 | Алтын жұмыртқа | Сейсенбі | 12.10.2021 |
| 3 | Қайсысы көп,қайсысы аз | Дүйсенбі | 18.10.2021 |
| 4 | Түрлі-түсті гүлде | Сейсенбі | 26.10.2021 |

Қараша айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Санамақ | Дүйсенбі | 01.11.2021 |
| 2 | Ғажайып құстар | Сейсенбі | 09.11.2021 |
| 3 | Көңіл-күйді бейнеле | Дүйсенбі | 15.11.2021 |
| 4 | Ашық хат | Сейсенбі | 23.11.2021 |

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Сиқырлы сөздер | Дүйсенбі | 06.12.2021 |
| 2 | Мен достарымды сүйемін | Сейсенбі | 14.12.2021 |
| 3 | Көңілді,көңілсіз | Дүйсенбі | 20.12.2021 |
| 4 | Бақыт деген не? | Сейсенбі | 28.12.2021 |

Қаңтар айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Бауырсақ | Дүйсенбі | 10.01.2022 |
| 2 | Күз мезгілі | Сейсенбі | 18.01.2022 |
| 3 | Мейірімділік әлемі | Дүйсенбі | 24.01.2022 |

Ақпан айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Кемпір қосақ | Дүйсенбі | 01.02.2022 |
| 2 | Қимылды ойындар | Сейсенбі | 07.02.2022 |
| 3 | Менің көңіл-күйім | Дүйсенбі | 15.02.2022 |
| 4 | Менің отбасым | Сейсенбі | 21.02.2022 |

Наурыз айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Балалардың таным қабілеттерін анықтаушы тренинг | Дүйсенбі | 01.03.2022 |
| 2 | Біздің көңіл-күйіміз | Сейсенбі | 14.03.2022 |
| 3 | Мейірімділік әлемі | Дүйсенбі | 29.03.2022 |

Сәуір айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Жануарлар | Дүйсенбі | 04.04.2022 |
| 2 | Көңілді аңдар | Сейсенбі | 12.04.2022 |
| 3 | Топтарға қатысу түстерді ажырату | Дүйсенбі | 18.04.2022 |
| 4 | Көңілді шеңбер | Сейсенбі | 26.04.2022 |

Мамыр айы

| № | Тақырыптар | Апта күндері | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Күн көзінде қонақта | Дүйсенбі | 03.05.2022 |
| 2 | Көңіл неге ұқсас? | Сейсенбі | 16.05.2022 |
| 3 | Қолдың саусақтарын дамытуға арналған жаттығулар | Дүйсенбі | 24.05.2022 |
| 4 | Көңілді шеңбер | Сейсенбі | 30.05.2022 |

Айы:Қыркүйек

Күні:06.09.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы: Жасыл жапырақ

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін дамыту,өз ойын жеткізе білуге.

Жапырақтар жайлы түсінік беу,түс пен форманы жетілдіру.

Тәрбиелік мәні:Балаларды табиғатты аялауға,қоршаған ортаны қадірлеуге бейімдеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Кел балалар күлейік,<br>Күлкіменен жүрейік.<br>Күлкі көңіл ажар,<br>Күліп өмір сүрейік. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге айтады қайталап |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар сабақты бастамас бұрын,біз жылдың төрт<br>Мезгілінің ағаштарын бақылайық.Балалар<br>Жапырақтар әртүлі пішінді болады.<br><br>Балалар жаз мезгілінде жапырақтардың түсі-жасыл болады.<br>Ал күз мзгілінде жапырақтардың түсі-сары,қызыл, қызғылт сары болып келеді.<br><br>Ал көктем мезгілінде ағаштан бірінші бүршік жарады,сол бүршіктерден жапырақтар шығады.<br><br>Ал қыс мезгілінде жапырақтар болмайды.<br>Баалалар жапырақтардан әр түлі жұмыстар жасауға болады. | |
| | Балалар өсімдіктің сабағына көрік беретін не деп ойлайсыздар? | Жапырақтар |
| | Ия,дұрыс айтасыңдар.Әрине жапырақ.Балалар<br>Мына жапырақ қандай ағаштың жапырағы?Дұрыс жүзім жапырағы.Балалар тағы қандай ағаштың жапырағын білеміз?<br>Ия,дұрыс айтасыңдар балалар!<br>Жарайсыңдар! | Жүзім ағашының<br>Жапырағы<br>Шие ағашының жапырағы |
| | Балалар жапырақтың түсі жасыл болады,жыл<br>Мезгілдеріне байланысты өзгеріп тұрады.Сары, қызыл,қызғылт,жасыл,түсті болады. | Жасыл,сары |
| | Балалар ағаштарға көрік беретін не екен? | Жапырақтар |
| | Жарайсыздар,балалар<br>Сау болыңдар,балалар! | Рахмет,апай!<br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Жапырақ түсін,көлемін ажырата біледі .

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап береді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қыркүйек

Күні:14.09.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы: Күз мезгілі

Мақсаты:Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту.Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу.

Суреттер бойынша балалардыңі тіл байлығын дамыту.

Тәрбиелік мәні:Табиғат пен құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Бүгін ауа-райы суық,бұлтты болып тұр. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Жақсы<br>Ия,апай бүгін күн суық |
| | Шаттық шеңберіне тұрайық. | Шаттық шеңберіне тұрады. |
| | Алтын,сары.қызыл көк.<br>Алуан-алуан жапырақ,<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап. | Бірге айтады қайталап |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар,қазір жылдың қай мезгілі?<br>Ия,дұрыс,айтасыңдар,күз мезгілі. | Күз мезгілі. |
| | Ал,күзде неше ай бар,қазір қай ай?<br>Ия,балалар! Дұрыс айтасыңдар. | Апай үш ай бар.<br>1.Қыркүйек<br>2.Қазан<br>3.Қараша<br>Қазір қыркүйек айы. |
| | Күз мезгілінде ағаштағы жапырақтың түсі қандай Болады?<br>Ия,балалар! Дұрыс айтасыңдар. | Жапырақтың түсі<br>Сарғайып,жерге түсе бастайды. |
| | Ал,екінші егіндерін жинап қамбаға салады.Күзде ауа райы суып,құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Ата-аналар балаларына жылы киімдерін кигізіп Жылы ұстайды. | Ия,апай.Егіншілер Егіндерін жинайды. Құстар жылы жаққа ұшады.Аналарымыз бізді жылы киіндіреді. |
| | Күзде құстардың бәрі бірдей ұшып кетеді ме?<br>Қалып қойған құстар тоңып қалмау үшін оларға ұя жасап,жем шашуымыз керек. | Жоқ,апай.<br>Ия,апай.жем шашамыз. |
| | Олай болса,балалар мына геометриялық пішіндер-Ден ұя құрастырайық. | Балалар ұя жасайды |
| | (Пішіндерді көрсетіп,түрін,түсін,атау орналастыру рет | |

| | | |
|---|---|---|
| | түсіндіру) Ия,балалар! Дұрыс айтасыңдар.<br><br>Жарайсыздар,балалар!<br>Сау болыңыздар, балалар! | Балалар апайдың<br>Көмегімен ұя жасайды.<br><br>Рахмет,апай.<br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Күз мезгілінің ерекшеліктерін білді.Күзде неше ай бар екенін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қыркүйек

Күні:20.09.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы: Мейірімділік әлемі

Мақсаты:Балалардың бойындағы мейірімділік сезімдерін,жақсы қасиеттерін дамыту,Мейірімділіктің ада өміріндегі маңыздылығын түсіндіру,сыйластық қарым-қатынасты дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды ата-анаға,Отанға,достыққа,мейірімді қайырымды болуға тәрбиелеу.Жан Жылуын сыйлауға,сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,менің кішкентай балапандарым!<br>Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын.<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Мейірімді жандар айнала,<br>Шеңберге келсін айнала.<br>Жалықпастан қайта біз,<br>Махаббат сөзін айтамы.з<br>Сүйеміз барлық ананы,<br>Жүрегім оттай жанады. | Сәлеметсізбе,апай!<br><br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.Бірге қайталайды |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Бір-бірімізге жылу сыйладық.<br><br>Балалар біз қазір ыңғайланып отырып,денелерімізді түзу ұстаймыз.Қол мен аяқты айқастырмаймыз.<br>Біз қазір тыныс алуға жаттығу жасаймыз.Біз қазір Тыныс алуға зейін өойған кезде,біздің ақылымыз дем алады.Ауаны ішке жұту кезінде тыныштықпен қуаныш сезімін қабылдап,демді сыртқа шығарған ке өзіміздегі жаман қасиеттерді сыртқа шығарамыз.<br><br>Біз бүгінгі сабағымызды адамның жақсы Қасиеттерінің бірі мейірімділік туалы әңгімелесеміз. Балалар мейірімділік әр адамның жүрегінде,өмір сүреді.Мейірімділікті адамның көзінен көруге,іс-қим табуға болады.Мейірімділік жүректе орналасады, ал,мейірімді адамды барлық адамдар жақсы көреді<br>Мейірімділік әлемі-бұл мейірімділігін жан-Жағындағы адамдарға көрсете білу,мейірімді, қайырымды болу.Үлкендерге ізет,құрмет көрсету.<br>Балалар көшеде әжелер,үлкен қария кісілер өтіп бара жатса,алдын кеспеу.Үлкен қария ата-әжелерге орын береміз бе? | Бір-біріне жылу сезімдерін сыйлайды.<br><br>Балалар дем алып, Жаттығуын жасайды.<br><br>Ия,апай орын береміз. Ата-әжелерге сый, құрмет көрсетеміз. |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Мейірімділік,дұрыс әрекет,адамгершілік қасиеттерінің әрбір адамнан табылатынын білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қыркүйек

Күні:28.09.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы: Дос болайық бәріміз

Мақсаты:Балаларға достық туралы терең түсінікті бере отырып,адал достыққа,шынайлыққа баулу.

Достық сезімін қалыптастыру,өзара көмек,жолдастық,сыйластық қарым-қатынастарын дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімді,достықты бағалай білуге,адал дос болуға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы<br><br><br><br><br><br><br><br>Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Бүгін қандай керемет күн!<br>Біз бұл күнді жақсы,қуанышты көңіл күймен өткіземі<br>сенемін.<br><br>Себебі бүгінгі сабағымыздың тақырыбы «Дос болайық бәріміз»<br><br>Шаттық шеңберіне жиналып отырайық балалар.<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де,<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге.<br><br>Балалар дос дегеніміз-адамның қиын жағдайында<br>Көмек көрсетіп,досына қол ұшын беруі.Достық-<br>Адамдардың бір-біріне деген адалдығы,өзара<br>Сыйластығы,татулығы,сүйіспеншілігі,жанашырлығы,<br>Қамқорлығының белгісі.<br><br>Осы сәтті пайдаланып сендерге «Екі дос» ертегісін ай<br>берейін.Бір күні екі дос орманда келе жатады.<br>Алдарынан бір аю шығып,сол кезде біреуі қаша<br>Жөнеледі.Екінші жігіт талға өрмелеп жасырынып<br>қалады.Қашқан жігіт талға өрмелеп жасырынып<br>қалады.Қашқан жігіт ортада қалып қояды.Ол не<br>істерін білмей тұрғанда,ойына «Өлген адам сияқты<br>кейіп танытсам,мені жемес» деп жерге жата кетеді<br>Аю келіп иіскелей бастағанда демін жұтып,дем<br>Алмай жата береді.<br>Аю кеткен соң талға өрмелеп кеткен досы төмен<br>Түсіп,досының қасына келіп,-сұрайды?<br>«Айтшы ал,аю сенің құлағыңа не деп сыбырлады,»<br>-дейді.<br>Сонда досы «Досыңа қауіп-қатер төніп тұрғанда,<br>Қашып кеткен адамдардан сақтану керектігімді<br>айтты» деп жауап береді.<br><br>Балалар дос қандай болу керек? | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия,апай бүгінгі күн<br>Керемет!<br><br><br><br><br><br>Шаттық шеңберіне<br>тұрады.Бірге айтады<br>қайталап.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Дос-адал болу керек! |

| | | |
|---|---|---|
| | Досымызды қиын сәтте тастап кетуіміз керек па?<br><br>Жарайсыздар ,балалар!<br>Сау болыңдар,менің кішкентай балапандарым! | Жоқ,апай!<br>Досымыздың басына Қиын сәт түссе,біз көмек көрсетіп,қол қшымызды Беру керекпіз.. |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Достық қарым-қатынасты бағалай білу керек.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:04.10.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы: Алма ағашы

Мақсаты:Балаларға қоршаған орта туралы білімдерін жетілдіру,табиғатқа деген қамқорлықпен

Сүйіспеншіліктерін арттыру.

Тәрбиелік мәні:Балаларды бір-бірімен қарым-қатынас барысында ізгілікке,сыпайылыққа,жағымды

Мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Ал,балалар күлейік,<br>Күлкіменен жүрейік.<br>Қабақ шытқан не керек,<br>Көңілді боп жүрейік. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br><br>Шаттық шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы ізденуші | Жарайсыңдар,балалар!Бүгін сендер өте мейірімді ,жүздеріңнен күннің нұры төгіліп тұрғандай.<br>Ал,балалар мен сендерге ертегі айтып берейін.<br>Бір күні гүлдеп тұрған бау-бақшаның қасынан Ұшып бара жатқан жел бір жағымды жұпар иісті сезеді.<br>Бақшадан аңқып тұрған бұл қандай жұпар иіс?-Деген оймен гүлдеп тұрған ағаштың біріне жақындайды.<br>Ағаштың бұтақтарында жайқалып тұрған нәзік Гүлдерге таңырқай қарайды.<br>«Неткен ғажап,әдемі еді !»-деп таңданады.<br>Біраз уақыт өткен соң ол тағы сол бақтың қасынан ұшып бара жатып,гүлдерді тамашаламақ болып тоқтайты.Бірақ жұпар иісті нәзік гүлдердің орнына хош иісті алмалардың қсіп тұрғанын көреді.<br>«Айнала қалай өзгерген,мынау бір ғажап екен!» Дейді де әрмен қарай ұша береді.<br>Балалар сендер қандай жеміс ағаштарын білесіңдер?<br>Қане айтайықшы?<br>Алма ағашы,өрік ағашы,шабдалы,шие,алмұрт.<br>Ия,балалар жеміс ағаштарының көптеген түрлері Бар.<br><br>Ал,балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>1.Көктемде ақ гүл оранады, | Ал,апай айтыңызшы Тыңдайық.<br><br>Алма ағашы,өрік ағашы, Шие,алмұрт.<br><br>Ия,апай тыңдап жауабын Табайық. |

| | | |
|---|---|---|
| | Күзде қолға доп оралады.<br>Бұл не балалар?<br>Ия,балалар дұрыс айтасыңдар.<br>Бұл алма.<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сау болыңдар,балалар! | Апай бұл алма.<br><br><br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Алма а5ашы туралы білімдерін жетілдіру.Табиғатқа қамқор болу керектігін білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:12.10.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы: Алтын жұмыртқа

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін дамыту,сөйлуін,сұрақтарға дұрыс жауап беруіне ықпал ету.

Ертедегі кейіпкерлердің іс-әрекетіне назар аудара отырып,балаларды ертегіні түсінуге,қабылдауға,сезіну жетелеу.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке,мейірімділікке тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қалай?Бүгін ауа-райы қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Достар біз қолдаймыз,<br>Қиын шақта қорғаймыз<br>Біздің топта ұл-қыздар,<br>Тату-тәтті ойнайық! | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Күн суытып,жаңбырлы болып тұр!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге айтады қайталап. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Бүгінгі тақырыппен таныстырайын балалар!<br>Сендер қандай үй құстарын білесіңдер!<br><br>Тауық үй құсына жатады.<br>Тауық бізге жұмыртқа береді,жұмыртқа Денсаулыққа пайдалы.Ендеше,мен сендерге «Алтын жұмыртқа» ертегісін айтып берейін.<br>Ертеде ата мен әжей болыпты.Олардың бір тауығы Бар екен.Ол күнде жұмыртқа басып шығады екен Күндердің күнінде тауық алтын жұмыртқа басып шығады.Ата мен әжей алтын жұмыртқаны көріп қуанып қалады.Алтын жұмыртқаны сатып көп ақша алады.Ақшаға көптеген заттар алады.<br><br>Балалар ертегі кейіпкерлері кімдер екен?<br>Балалар жұмыртқаның пішіні қандай болады?<br>Балалар жұмыртқаны қандай тамақтарға қосамыз?<br>Ия,балалар аналарамыз бізге көптеген тәттілер пісіреді.<br><br>Жарайсыңдар менің кішкентай балапандарым!<br>Сау болыңдар,балалар! | Тауық,үйрек,қаз.<br><br>Ата мен әже.<br>Сопақша болады.<br>Бәлішке,сосын аналарым тәттілер пісіріп береді.<br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Ертегіні түсініп,тыңдай білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Қазан

Күні:18.10.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы:Қайсысы көп,қайсысы аз

Мақсаты:Балалардың үлкен-кіші,көп-аз туралы ұғымдарын қалыптастыру.Көп-аз,үлкен-кішіні ажыратып,

Күнделікті өмірде қолдана білуге және бір-бірін аттарымен атай білуге үйрету.

Балалардың бойына достық,мейірімділік сезімін егу.

Тәрбиелік мәні:Заттардың түстеріне,түрлеріне қарай ажыратып салыстыруды меңгерту.Ойлау,көріп тану,

Есте сақтау қабілеттерін арттыру.Қоршаған ортамен жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,менің кішкентай балапандарым!<br>Бүгінгі күн қандай тамаша болып тұр.<br>Балалар бәріміз бірге шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Достарменен бір жолда,<br>Иықтасып жүреміз.<br>Қиындықта қол ұшын,<br>Берерiне сенемiн. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия,Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды.<br>Достарменен бір жолда,<br>Иықтасып жүреміз.<br>Қиындықта қол ұшын,<br>Берерiне сенемiн. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар бүгін бізге таным елінен бір-бірінен<br>Айнымайтын,түрлері бірдей болғанымен жас ерек-<br>Шеліктері әр-түрлі. Біздің бәріміздің өз атымыз бар,<br>сол сияқты қуыршақтардың да аттары бар екен.<br><br>-Ең үлкені-Әлия<br>-Ал одан кішісі-Сәния<br>-Сәниядан кішісі-Ғалия<br>Қане бәріміз қуыршақтардың атын қайталап<br>шығайық.<br><br>Қуыршақтардың түрлері бірдей болғанымен<br>Бойлары бірдей ма?<br>Ең үлкен қуыршақты кім көрсетеді?<br>Аты кім?<br>Рет-ретімен қуыршақтарды көрсетіп,атын<br>Атайықшы.<br><br>Балалар бізге қуыршақтарымыз бос келмепті,<br>Жолда келе жатып алма теріпті.Міне,қараңдаршы<br>Қандай әдемі алмалар.<br><br>Балалар бізде қуыршақтарға алма теріп берейікші.<br>Мына алмаларды екі себеттерге бөліп салайық.<br><br>Алмалардың қайсысы аз,қайсысы көп?<br><br>Дұрыс айтасыңдар бірінші себеттегі алмалар көп | Ия,апай бәріміздің өз<br>Аттарымыз бар.<br><br>Апай мен бірге<br>Қайталайды.<br><br>Жоқ,әр түрлі.<br><br>Мен көрсетейінші,апай.<br>Келе ғой балапаным!<br>Әлия<br>Сәния<br>Ғалия<br><br>Ия,апай әдемі алмалар<br>екен.<br><br>Балалар алманы теріп,<br>Екі себетке бөліп салады<br><br>Бірінші себеттегі алмалар<br>Көп екен,ал екінші себетт<br>алмалар аз екен |

| | | |
|---|---|---|
| | Екінші себеттегі алмалар аз екен .<br>Жарайсыңдар,менің кішкентайларым!<br>Сау болыңдар! | Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Көп-аз,үлкен-кішіні ажырата білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:26.10.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы:Түрлі-түсті гүлдер

Мақсаты:Балалардың гүлдер туралы білімдерін кеңейту,тура және кері санауға түрлі-түсті гүлдерді

Ажырата білуге үйрету,қоршаған ортаны табиғатты сүйіп аялай білуге тәрбиелеу.

Тәрбиелік мәні:Гүлдерді баптап,қамқор болуға,тазалыққа,жақсылыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Бүгін көңіл күйлерің қалай?<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Балалар жиналды бір топқа,<br>Мен сенің сен менің досыңмын.<br>Қанекей қолыңды бер досқа,<br>Бірге ойнайық қуана! | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия,Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар сендерге гүлдер ұнайды ма?<br>Гүлдер қандай болады?<br>Гүлдердің түсң қандай?<br><br>Балалар,Қазақстанда гүлдедің түрлері өте көп,<br>БөлмеГүлдеріде дала гүлдері де,өседі<br>-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>-Күз мезгілінде гүлдер болама<br>Гүз мезгілінде гүлдер өспейді гүлдер дәндерін жерге кетеді<br>Балалар есімізге түсірейікші Бір жылда неше мезгіл Бар?<br>Дұрыс айтасыңдар төрт мезгіл бар.<br>Көктем,жаз,күз,қыс.<br>Көктемде қар еріп жер жаңарады,жерге гүлдер Шығып,ағаштар бүршік жарады,жануарлар Індерінен шығып,құстар қайтып келеді.<br>Жазда түрлі-түсті гүлдер жайқалып,жер бетіне Ерекше сән беріп тұрады<br>Балалар сендер гүлдер туралы тақпақ білесіңдер Ме?<br>Түрлі-түсті айбат,<br>Гүлдер шықты жайнап.<br>Қызыл-жасыл аймақ,<br>Қырға шықтық ойнап.<br>Жарайсыңдар балалар!<br>Балалар сендер гүлдердің атын білесіңдер ме қандаі айтайықшы?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар<br>Лалалгүл,бақ-бақ гүл,қызғалдақ,бәйшешек,раушан Гүл Балалар гүлдердің түрлері де,түстері де өте көп, сан алуан Ал енді балалар біз бөлме гүлдерін қалай | Ия апай ұнайды.<br>Әдемі болады.<br>Қызыл,сары,ақ.<br><br>Күз мезгілі<br>Жоқ<br><br>Төрт мезгіл<br>Көктем,жаз,күз,қыс.<br><br>Ия,апай білеміз.<br>Бірге айтады<br><br>Ия,апай білеміз<br>Лалагүл,бақ-бақ гүл,<br>Қызғалдақ,бәйшешек ,<br>Раушан гүл<br><br>Су құямыз, |

| | | |
|---|---|---|
| | баптаймыз?<br>Ия балалар су құйып жапырақтарын сүртеміз Бөлме Гүлдерінің түрлі-түстері бар.<br>Ал балалар сабағымыз аяқталды.Сау болыңдар Балалар! | ЖапырақтарынСүртеміз<br><br><br>Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Түрлі-түсті ажырата білді.

Үйрену керек:Гүлдердің атын атап үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қараша

Күні:01.11.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы:Санамақ

Мақсаты: «Санамақ» ойны арқылы саусақтың аттарын үйрете отырып,балалардың тілін дамыту.

Сонымен қатар саусақтарының қимылын жетілдіру.Қуырмашты айта отырып,қой,түйе,қасқыр,жылқы,

Ешкі,Түлкі деген сөздерді балалардың сөздік қорына енгізу.

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке,ұқыптылыққа,тазалыққа тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Амансыңба Алтын күн?<br>Амансыңба Көк аспан?<br>Амансыңба достарым?<br>Сендерді көрсем қуанам. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия,Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Қане,балалар саусақтарыңды көрсетіңдерші?<br>Т-у-у-у қолдарың қандай тап-таза,саусақтарың неткен әдемі.Балалар осы Саусақтарыңның аттарын білесіңдер ме?<br>Мен сендерге саусағымды жайып,бәрін айтайын.<br>Балалар,бірінші саусағым-бас бармақ,ал, екінші саус балан үйрек,ал мына үшінші саусағым-ортантерек,<br>Төртіншісі-шылдыр шүмек,ал мына кішкентай саусағ кішкентай бөбек | Балалар қолдарын<br>Созып,саусақтарын көрсе<br>Рахмет,апай<br>Ия,апай.<br><br>Бірге қайталайды. |
| | Бас бармағым-бірінші,<br>Балан үйрек-екінші,<br>Ортан терек-үшінші,<br>Шылды шүмек-төртінші,<br>Кішкентай бөбек-бесінші.<br><br>Қане,балалар бірге айтып жаттығайық.Бұл ойында Балалар саусақтың аттарына үйреніп қана қоймай, Сандық ұғымды да түсіне бастайды.Балалар енді сен қызықты ойын ойнайық.Ойнымыздың аты «Қуырмаш» Алақанымызды ашайық Қуырмаш ойын ойнайық.<br><br>Балалар сендер бұл ойынд білесіңдерме?<br><br>Қуыр-қуыр қуырмаш!<br>Балапанға бидай шаш!<br>Тауықтарға тары шаш!<br>Әжең келсе есік аш! | Балалар,бірге<br>Қайталайды.<br><br>Ия,апай.<br>Бірге айтады қайталап. |

| | | |
|---|---|---|
| | Қасқыр келсе мықтап бас,<br>Мына жерде қой бар,<br>Мына жерде ешкі бар,<br>Мына жерде сиыр бар,<br>Мына жерде жылқы бар,<br>Мына жерде күлкі бар.<br>Қытық,қытық,Балақай!<br>Халықтық педагогика тәсілімен ойналатын осындай ойындар баланың тілін жаттықтыруға да дүниетанымын байытуға да септігін тигізеді.<br><br>Ал балалар сабағымыз аяқталды.Сау болыңдар Балалар! | Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:САусақ аттарын білді.

Үйрену керек:Шаттық шеңберін жасады.

Жасауы керек:Қуырмаш ойынынып ойнайды.

Әдіскер:

Айы:Қазан

Күні:09.11.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы:Ғажайып құстар

Мақсаты:Құстардың сыртқы ерекшеліктері туралы білімдерін байыту,құстарға тән ерекшеліктерді Көрсете білуді үйрету.

Тәрбиелік мәні:Балаларды құстармен таныстыру.Табиғатты аялауға,қоршаған ортаны ластамауға тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Бүгін ауа-райы қандай?<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Табиғат біздің анамыз,<br>Табиғат баламыз.<br>Иіліп сәлем береміз,<br>Біз Әдепті баламыз. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Суық<br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар құстардың түрі өте көп.<br>Мынау торғай,сауысқан қарлығаш.Балалар құстар қанат және қауырсындарымен ерекшелінеді.<br>Олардың ауыздарының арасында тұмсық қолдарының орнында қанат,екі аяғы бар,бірақ олар көбіне аспанда ұшып қалықтап жүреді.<br>Мынау-сауысқан,<br>Мынау-торғай,<br>Мынау-қарлығаш,<br>Бұл құстар зиянды құрт-құмырсқалармен Қоректенеді.Сойтіп олар зиянды жәндіктерді Құртады.Балалар қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінде неше ай бар?<br><br>Балалар күзден кейін қандай мезгіл келеді?Ия, дұрыс айтасыңдар.Қыс мезгілі келеді Қыста құстар жем Тауып жеуі өте қиын.Сондықтан адамдар жем с Жасап,оны ағаш бұтақтарына іліп қояды.Балалар мен сендерге құстардың суретін көрсетемін .Сендер атап,немен қоректенетінін айтасыңдар.<br>Мынау шағаланың суреті Ол қай жерде жүреді?<br>Жарайсыңдар балалар Теңізде ұшып жүреді екен<br>Олар немен қоректенеді?<br>Дұрыс айтасыңдар балалар!<br>Ал,сауысқандар ше!<br><br><br><br>Жарайсыздар балалар Сау болыңыздар | Күз мезгілі.<br>Күз мезгілінде үш ай барк<br><br>Қысю<br><br><br><br>Жарайды,апай.<br><br>Теңізде ұшып жүреді.<br><br>Олар балықтармен Қоректенеді.<br>Олар есік алдында Жүреді.<br><br>Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Құстардың ерекшеліктерін білді .

Үйрену керек:Құстардың екіге бөлінетінін білді Жабайы және үй құстары.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Қараша

Күні:15.11.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы:Көңіл күйді бейнеле

Мақсаты:Балаларды қарындашпен сурет сала білуге үйрету.Ойлай білу қабілетін дамыту.

Тәрбиелік мәні:Балаларды әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу Табиғатты сүюге адамгершілікке,тазалыққа Тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын.<br>Бүгін көңіл-күйлерің қандай?<br><br>Шаттық шеңберіне тұрайықшы?<br><br>Біз қандаймыз қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Еш уайымды білмейміз. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия бізде қуаныштымыз<br><br><br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар қандай көңіл-күйді білеміз атайықшы/<br>Көңілді,мейірімді,ашулы,өкпелі таңырқаулы,үрейлі.<br>Анамыз бізге дүкеннен сыйлық алып келсе біздің<br>Көңіл-күйіміз қандай болады?<br>Кішкентай іні-қарындастарымыз жылыса не істейміз<br>Ия дұрыс айтасыңдар Жұбатып,мейірімді боламыз<br>Достарымыз бізге өтірік сөйлеп алдады?<br>Біз не істейміз?<br>Балалар түстерді адамның қандай көңіл-күйде екенін<br>Мысалы<br>Ақ түс-тазалық түсі<br>Қара түс-қауіпті түс<br>Көк түс-тыныштық түсі<br>Сары түс-адамның көңілін көтереді<br>Жасыл түс-адамның денсаулығына пайдалы<br>Қызыл түс-энергияға толы түс<br><br>Сау болыңдар балалар! | Қуанамыз.<br>Жұбатып,мейірімділік<br>Танытамыз.<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Көңіл-күйін жеткізе білді.

Үйрену керек:Эмоция түрлерін білді,түстерді ажыратып білді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер: [signature]

Айы:Қараша

Күні:23.11.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы:Ашық хат

Мақсаты:Балаларға қағаздан қиып ашық хат жасап үйрету.Балалардың қол жаттығуын,ойлау қабілетін Дамыту.

Тәрбиелік мәні:Ұқыптылыққа тәрбиелеу.Балалардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме өте қуаныштымын.<br>Келіңдер бірге ортаға шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Өзім жақсы баламын.<br>Апа тілін аламын,<br>Мейлі қайда жұмсасын.<br>Бәріне де барамын. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Ия,бізде қуаныштымыз.<br><br><br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады.<br>Бірге қайталайды.<br><br>Балалар қағаздан ашық<br>Хат жасайық. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар енді біз ашық хат жасап үйренеміз.<br>Ол үшін бізге желім қайшы қажет болады.<br>Бірге әдемілеп жасап шығайық.<br>Жарайсыздар балалар әдемі болып шығыпты.<br><br>Сергіту сәтін жасайық.<br>Оң қолымда бес саусақ.<br>Сол қолымда бес саусақ,<br>Бәрін қоссақ-он саусақ.<br>Оң аяқпен секіремін,<br>Сол аяпен секіремін.<br><br>Сау болыңыздар,балалар! | <br><br><br><br><br>Бірге айтады қайталап<br><br><br><br><br><br><br>Сау болыңыз,апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Қағаздан жасалатынын білді.

Үйрену керек: Ашық хат жасап үйренді.

Жасауы керек:Сергіту сәтін жасады.

Әдіскер: М. Бакиева

Айы:Желтоқсан

Күні:6.12.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы:Сиқырлы сөздер

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін дамыту Жақсы сөз айтуға жақсы әңгіме айтуға үйрету

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке әдептілікке.ұқыптылыққа тазалыққа жалған сөз айтпауға тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br>Бүгін ауа-райы қандай?<br>Ия дұрыс айтасыңдар.<br>Бүгін ауа-райы жаңбырлы болып тұр. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Ауа-райы жаңбырлы<br>болып тұр. |
| | Балалар біздің бүгінгі тақырыбымыз<br>«Сиқырлы сөздер»<br>Балалар сиқырлы сөздер деп-әдепті,жылы лебізбен<br>Айтылған сөздер.Барлықтарымыз бір-біімізге әдепті | |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Сөздер айтып үйренийкші Мен сөздер<br>айтамын сіздер әдепті жауап қайтарасыздар<br>Аңсар дәптердә бер.<br>Айсезім қаламсап бер.<br><br>Айару бузықтық жасама . | <br>Аңса өтінемін дәптерді<br>Берші.<br>Айару өтінемін бұзықтық<br>Жасама. |
| | Балалар біз әдепті жәй сөздермен сөйлесек,<br>айналамыздағы адамдар бізге жылы көзбен<br>қарайды.<br>Балалар,біз әдепті жәй сөздермен сөйлесек<br>Айналамыздағы адамдар бізге жылы,көзбен<br>қарайды | |
| | Балалар,сиқырлы сөз дегеніміз осы Айналамыздағы<br>Адамдарға әдепті сөздермен жанымызға жылулық<br>Сыйлайық<br>Балалар | Жарайды апай!<br>РАхмет! |
| | <br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңыздар балалар! | Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Сиқырлы сөздер жайлы білді.

Үйрену керек:Балалар әдепті жауап беріп үйренді.

Жасауы керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Әдіскер:

Айы:Желтоқсан

Күні:14.12.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы:Мен достарымды сүйемін

Мақсаты: «Дос» ,« достық» құндылығы туралы түсінік беру. Достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімді болуға достық қатынасқа адал болуға тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Мен сендерді көргеніме қуаныштымын<br>Бүгін ауа-райы қандай<br><br>Балалар,шаттық шеңберіне тұрайық<br>Достарменен бір жолда,<br>Иықтасып жүреміз<br>Қиындықта қол ұшын,<br>Берерiне сенемін | Сәлеметсізбе,апай!<br>Бізде қуаныштымыз<br>Бүгін ауа-райы суық болыр тұр<br>Шаттық шеңберіне Тұрады<br>Бірге айтады қайталап |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар сендер достық дегенді қалай түсінесіңдер<br><br>Жарайсыңдар,балалар<br>Достық бірін-бірі сыйлау,бір нанды бөлісіп жеу, қиындықта бір-біріне көмек беру Досымыз қиналып тұрса,біз оған көмектесіп қол ұшын береміз<br>Досымыз құлап қалса орнынан тұрғызамыз<br>Балалар,сендер жалғыз ойнағанды ұнатасыңдарма<br>Ойлап көріңдерші<br>Сендердің достарың барма<br>Нұрбақыт сенің досың кім<br>Азамат қандай бала<br>Сен досыңды сүйесің бе<br>Балалар,сендер достарыңды сүйесіңдерме<br><br>Сабағымыз аяқталды.<br>Сау болыңыздар балалар! | Достық дегеніміз-бірін-Бірі сыйлау,бір-біріне Көмек беру<br><br>Жоқ,апай<br>Қызық емес<br>Ия,апай<br>Менің досым Азамат<br>Ол өте жақсы<br>Ия,апай<br>Ия,апай<br><br>Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Достық туралы білді.

Үйрену керек:Достық қарым-қатынасқа адал болуды үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

Айы:Желтоқсан

Күні:20.12.2021

Апта:Дүйсенбі

Тақырыбы:Көңілді,көңілсіз

Мақсаты:Балалардың көңіл-күйін көтеру.Көңілді-көңілсіздік эмоцияларын ажырата білу.Балалардың Ойлау қабілетін дамыту .

Тәрбиелік мәні:Балаларды көңілді болып жүруге тәрбиелеу.Көңілсіздіктен арылу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл-күйлерің қандай?<br>Ауа-райы қандай?<br><br>Балалар шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Біз қандаймыз қандаймыз.<br>Шұғылалы таңдаймыз.<br>Күлімдеген күндейміз,<br>Еш уайымды білмейміз. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша<br>Суық,қар жауып тұр<br><br>Шаттық шеңберіне<br>Тұрады<br>Бірге айтады қайталап |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар,мен сендерді балабақшада көргенде<br>Қуанамын.Мен бәріңді жақсы көремін<br>Балалар,мен сендерді саяхатқа Эмоция әлеміне<br>Шақырамын Ол үшін барлығымыз көзімізді жұмып<br>,менің дауысымды ғана тыңдаңдар Дайынсыңдарма<br>1,2,3,4,5,<br>1-сурет.Көңілсіз бала<br>Балалар сендер қалай ойлайсыңдар<br>2- .Ашулы бала<br>Балалар,сендер ашуланасыңдарма<br><br>3-сурет .Көңілді бала<br>Балалар,суреттегі бала неге көңілді<br><br>4-Реніш Ренжіп тұр<br>5-Қорқып тұр<br>Балалар,сендер неден қорқасыңдар<br><br>Ойын Менің көңілім<br><br>1.Көбелекке ұқсап ұшыңдар<br>2.Бақа сияқты секіріңдер<br>3.Кішкентай бала сияқты жүріңдер<br>4.Итті көрген мысық сияқты жымыиыңдар<br>5.Тасбақа сияқты жүріңдер<br><br>Жарайсыңдар,балалар енді бізге балабақшаға қайту<br>Керек.<br><br>Балалар,сергіту сәтін жасайық.Сергіп қаламыз. | <br><br><br><br><br>Апай,дайынбыз.<br><br>Ол бұзықтық жасады.<br><br>Жоқ .Біз анамыздың<br>Айтқан тілін аламыз.<br><br>Оған анасы сыйлық<br>алып келді.<br><br>Қарaңғыдан қорқамыз.<br><br><br>Балалар,ойынды<br>Ойнайды.<br>Балалар бейнелеп<br>Береді.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Сергіту сәтін жасайды |

| | | |
|---|---|---|
| | Орнымыздан тұрайық.<br>Аяқты нық басайық.<br>Бір отырып бір тұрып.<br>Біз демалып алайық.<br><br>Жарайсыңдар,балалар<br>Сабағымыз аяқталды,сау болыңдар балалар! | Рахмет!<br>Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Көңілді,көңілсіздікті білді.

Үйрену керек:Эмоция ойынын ойнап үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

**Айы:Желтоқсан**

Күні:28.12.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы:Бақыт деген не?

Мақсаты:Балаларға Бақыт,қуаныш,сүйіспеншілік құндылықтарының мағынасын түсіндіру

Тәрбиелік мәні:Балаларды адамгершілікке,сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Балалар шаттық шеңберіне тұрайық.<br><br>Кел,балалар күлейік,<br>Күлкіменен жүрейік.<br>Қабақ түйген не керек,<br>Көңілді болып жүрейік.<br><br>-Балалар!Қалай ойлайсыңдар, «Бақыт бала» деп кімді<br>Айтамыз<br>-Дұрыс айтасыңдар!Өз отбасы бар,достары бар,<br>Денсаулығы ,мықты баланы бақытты бала деп<br>Атаймыз.<br>-Балалар мен сендерге С ОСпановтың «Бақыт деген Не» атты өлеңін оқып берйін .<br><br>Айтшы білсең егер де,<br>Әке бақыт деген не?<br>Бақыт деген шырағым.<br>Мына әсем тұрағың,<br>Ну ормандар.<br>Гүл бағы,<br>Күннің күліп тұрғаны.<br>Бақыт-дәні далаңның,<br>«Ботам» деуі әжеңнің.<br>Тыныштығы әлемнің!<br>Қайда бақыт мекені,<br>Қалай оған жетеді.<br>Адал еңбек етесің,<br>Сонда ғана жетесің!<br>Көрінбейтін көзіңе.<br>Сонда оның өзі не?<br>Бақыт деген сөзім шын-айналайын өзіңсің!<br><br>-Балалар «Бақыт» дегеніміз балалардың асыр салып<br>Ойнағаны,денсаулықтарыңның мықты болғаны,<br>Ата-аналарыңның амандығы,еліміздің тыныштығы.<br>-Балалар бәріміз бақытты болайық.<br>Ата-анамыз аман болсын!<br>Балалар сергіту сәтін жасайық. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Балалар,шаттық<br>Шеңберіне тұрады.Бірге айтады қайталап.<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Ата-анасы бар,достары бар. |

| | | |
|---|---|---|
| | Саусақтарым дем алып,<br>Қайта сурет салады.<br>Аяқтарым секіріп ,<br>Қуаттанып қалады.<br><br>Жарайсыңдар,балалар!<br>Сабағымыз аяқталды,сау болыңдар балалар! | Рахмет!<br>Сау болыңыз апай! |

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Бақыт жайлы білді.

Үйрену керек:Сұрақтарға дұыс жауап беіп үйренді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады.

Әдіскер:

**Айы:Қаңтар**

**Күні:10.01.2022**

Апта:Бейсенбі

Тақырыбы:Бауырсақ

Мақсаты: Балалардың ертегіні тыңдауға қызығушылығын арттыру,сөйлеуін,тілдерінің дұрыс жетілуіне Ықпал жасау.Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекетіне назар аудара отырып,ертегіні түсінуге қабылдауға, Сезінуге жетелеу.

Тәрбиелік мәні:Балаларды мейірімділікке,адамгершілікке,тазалыққа тәрбиелеу

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіңдерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қалай?<br>Шаттық шеңберіне тұрайық.<br>Ән саламыз күнде біз,<br>Шаттық толы іргеміз,<br>Біз мәңгілік достармыз,<br>Біз әрқашан біргеміз. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Тамаша!<br>Шаттық шеңберіне тұрады.<br>Бірге қайталайды. |
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Балалар біз бүгін бауырсақ<br>Ертегісімен танысамыз.Бұл<br>ертегіні бәрімізде білеміз.<br>Ертеде шалмен кемпір болыпты.<br>Шалы кемпірінен бауырсақ<br>Пісіруін сұрайды.Кемпірі бауыр-<br>Сақты пісіріп,суысын деп терезе<br>Алдына қояды.<br>Жата-жата жалыққан бауырсақ<br>,терезеден секіріп түсіп,домалай<br>Жөнеледі.Бауырсақ жолда<br>Зымырап бара жатса,алдынан<br>Қоян шығады.<br>Қоян:<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ:<br>Сен мен:<br>Сен мені же,мен саған өлең<br>Айтып беремін.<br>Мен бауырсақ,бауырсақ,<br>Мен атамнан қаштым,<br>Мен әжемнен қаштым,<br>Ал енді сенен қаштым-деп қаша<br>Жөнеледі.<br>Осылай әндетіп бауырсақ келе<br>Жатса,алдынан қасқыр шығады.<br>Қасқыр:<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ: | Ия,апай білеміз<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қоян<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>Қасқыр |

| | | |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>ізденуші | Бауырсақ:<br>Сен мені жеме,мен саған өлең ai<br>беремін.<br>Мен бауырсақ,бауырсақ<br>Мен атамнан қаштым,<br>Мен әжемнен қаштым,<br>Ал енді сенен қаштым-деп қаша<br>жөнеледі.Осылай орман<br>жағалап келе жатса,алдынан аю<br>Аю:<br><br>Бауырсақ домалап келе жатып<br>түлкіге жолығады.<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ:<br>Сен мені жеме,мен саған өлең<br>Айтып берейін.<br>Бауырсақ өлеңін айтып болғанда<br>Айлакер қу түлкіге жолығады.<br>Түлкі:<br>Бауырсақ!Бауырсақ!Мен сені<br>Жеп қоямын!<br>Бауырсақ:<br>Сен мені жеме,мен саған өлең<br>Айтып берейінБауырсақ өлеңін а<br>болғанда<br>Айлакер қу түлкі бауырсақты<br>Жеп қояды.Осымен ертегі<br>Аяқталды. | Қоян<br><br><br><br><br><br><br><br><br>Түлкі |

Кутілетін нәтиже:

Білу керек:Балалар жағымды,жағымсыз,қасиеттерді айыра білді

Үйрену керек:Сұрақтарға дұрыс жауап берді.

Жасауы керек:Шаттық шеңберін жасады. Әдіскер:

Айы:Қаңтар

Күні:18.01.2021

Апта:Сейсенбі

Тақырыбы: Күз мезгілі

Мақсаты:Балалардың күз туралы түсінігін кеңейту.Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы әңгімелеу.

Суреттер бойынша балалардыңі тіл байлығын дамыту.

Тәрбиелік мәні:Табиғат пен құстарға қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу.

| Қызмет кезеңдері | Психологтың қызметі | Балалардың қызметі |
|---|---|---|
| Ұйымдастырушы<br>Қозғаушы | Сәлеметсіздерме,балалар!<br>Көңіл күйлерің қандай?<br>Бүгін ауа-райы суық,бұлтты болып тұр. | Сәлеметсізбе,апай!<br>Жақсы<br>Ия,апай бүгін күн суық |
| | Шаттық шеңберіне тұрайық. | Шаттық шеңберіне тұрады. |
| | Алтын,сары.қызыл көк.<br>Алуан-алуан жапырақ,<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап. | Бірге айтады қайталап |
